

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ
БЕРУ УЎЗИРЛІГІ**

НАУАИ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

Шет тилдер факультеті

Қазак тiлi және әдебиетi кафедрасы

КӘСІПТІК БІТІРУ ЖҰМЫСЫ

ТАҚЫРЫП:

«Әдебиет сабақтарында Махамбет поэзиясының көркемдік сипатын
оқыту (9-сынып)»

ОРЫНДАУШЫ:

Асатова Элмира

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ:

аға оқытушы: Кумакбаева Г.К.

Науаи – 2013

КІРІСПЕ

Мемлекетімізде кемел ұрпақты өсіру, білімді, шығармашылықпен шұғылданатын жастарды жан-жақты қолдап-қуаттау, дарынды жастардың әлеуметті белсенділігін, мәдени-рухани құндылықтарын өркендетудегі үлгі қызметін ынталандыру мақсатында көптеген істер жүзеге асырылуда.

Биылғы жылды «Абат тұрмыс жылы» деп жариялаған Президентіміз И.А.Каримов жастарға үміт артып, былай деген болатын: «Менің ең үлкен сенімім әрі үмітім – бүгінгі таңда заманға сай тәрбие мен білім алып жатқан, енді ғана күшке тола бастаған жас жеткіншектер, балаларымыз». Болашақ ұрпақтың бақыты мен келешегінің қандай болуы, бізге, яғни ұстаздарға тікелей қатысты екендігін жете түсініп отырып, бар білімімізді, күшімізді ұрпақ тәрбиесіне арнауымыз керек. Ол үшін мұғалім қазіргі заманға лайық өзінің білім беру ісінің хухани, шығармашылық ізденіспен қарап, өмірге еніп жатқан жаңа педтехнологияларды толық меңгеруі тиіс.

Менің кәсіптік бітіру жұмысымның тақырыбы «Әдебиет сабақтарында Махамбет поэзиясының көркемдік сипатын оқыту».

Біз сияқты қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушылары шәкірттердің өз тілін жақсы меңгеріп, ұлттық салт-дәстүріміздің мән-мағынасын терең түсініп, үйренуін жақсы жолға қойуымыз жөн.

Тақырыптың үйренілу дәрежесі: Болашақта әдебиеттен сабақ беретін мұғалімдеріміз әдебиет пәні оқушы жүрегіне жол тауып, оның зердесіне замана келбетін, өмірдің тылсым тіршілігін, тынысын жеткізетін, халқымыздың көркем тарихы тәжірибесін реттейтін өмір оқулығы екенін жете түсіндіргендері жөн.

Тақырыптың өзектілігі: Әдебиет мұғалімінің терең білімді болып, педагогикалық және әдістемелік шеберлікті жетік меңгеріп, көркем туындыны шығармашылық шабытпен оқыта білуі – бүгінгі заман талабы.

Тақырыптың негізгі жаңалығы: Қазіргі кезде оқытудың теориясы мен практикасында, оқушылардың іздене, зертей оқуына, танымдық дербестігін дамытуға мүмкіндік беретін оқыту түрі проблемалық оқыту болып табылады. Проблемалық ситуация тудыру сабақтың тақырыбы мен мақсатына тікелей байланысты болып, сол сабақтың логикасынан шығуы керек.

Менің кәсіптік бітіру жұмысымның алға қойған мақсаты:

- Оқушыларды жеке тұлға ретінде ала отырып, олардың іс-әрекет түрлерін мақсатты қалыптастыру, дербес ізденуге баулу;
- Білім алуға деген ынтасы мен іскерлігін, оқу-танымдық қажеттілігін қалыптастыруға жетелеу;
- Оқулықтың білім көзі, әрі өз бетімен білім алудың дидактикалық үлгісі екендігін ескеріп, онымен жұмыс арқылы оқушылардың ынтасы, танымдық іс-әретін басқару, ұйымдастыру.

Менің кәсіптік жұмысымның маңыздылығы:

- Оқушылардың өзіндік пайымдауларын, бағалауларын, қорытындылауларын мұғалім түсінігімен толықтыра отырып, енді оны ғылымыландыру, іргелі терең білімге бағдарлау.
- Дүниетанымдық, ой-өрістері мен іскерлік дағдыларын жетілдіретін, жеке тұлғаны дамытуға әсер ететін қосалқы материалдарын білім беру.

Менің кәсіптік бітіру жұмысымның теориялық жағы:

Махамбет поэзиясының көркемдік ерекшелігін талдау кезінде поэзия негізінде жатқан проблема, оның басты ойы, тілі сияқты сол көркем туындыны құрып тұрған көркем сыңарлар туралы сөз қозғау болып табылады.

Махамбет поэзиясының көркемдік сипаты, тілі, көтерген тақырыбы тұтастай қамтылады.

Менің кәсіптік бітіру жұмысымның практикалық жағы:

Мұғалім Махамбет поэзиясының көркемдік сипатын таныту негізінде оқушылардың білуге деген құштарлығын артырып отырып, әңгемесінің қисынын проблемалық ситуация тураға қарай бейімдеуі керек.

Жастарды биік адамгершілікке, еліне, Отанына, халқына деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеуде әдебиет пен өнердің орны ерекше. Әдебиеттің адамды рухани жағынан өсіру мүмкіншілігін оқыту үрдісінде барынша пайдалану – мектепте әдебиетті оқытудың негізгі мақсаты.

Бұл жылда өрендерімізге берекелі білім, ұстаздарымызға шыдамдылық пен төзімділік, жұмыстарына табыстар тілейміз.

I -ТАРАУ. Махамбет Өтемісұлының өмірі

Қазақ балалар әдебиетінен орын алған ақындардың бірі – Махамбет Өтемісұлы.

Махамбет Өтемісұлы – 1803 жылы Ішкі Бөкей ордасы, қазіргі Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Нарын құмының Жанқұс деген жерінде туылған. 20.10.1846, Қараой өңірі, қазіргі Атырау облысы Махамбет ауданында жерленген - қазақтың көрнекті ақыны, сонымен бірге 1836-38 жылдары Исатай Тайманов бастаған шаруалар кетерілісінің жалынды жыршысы ретінде де мәлім, қозғалысты ұйымдастырушы тарихи қайраткер тұлғалардың бірі. Кіші жүздің Байұлы бірлестігі ішіндегі Беріш руының Жайық бөлімінен шыққан. Атасы Құлмәлі, әкесі Өтеміс те өз заманында айтулы тұлғалар болған. Құлмәлінің тұқымынан билер де, шешендер де шыққан.

Халықтың азатығын көксеген күрескер, ел бастаған батыр, өр рухты ақын. Бекетай елді мекенінде (Бөкей ордасы, Орал облысы, Жәнібек ауданы) дүниеге келді.

Махамбет ақын жастайынан ақындық өнерге құмартып өсті. Асқан дарындылығына қалың жұртшылық бас иген. Махамбет тек от ауызды сөз шебері ретінде ғана ел құрметіне бөленген жоқ, сонымен бірге, өзінің батырлығы, даналығы мен адамгершілігі арқасында да даңққа бөленді. Ол халық арасында болып жататын келеңсіз құбылыстар мен келелі істерді өлеңдеріне арқау еткен.

Есімі қалың жұртшылыққа таныла бастаған асқақ ақынды Жәңгір хан өз еркіне көндіріп, билік басында отырғандарға қарсы өлеңдер шығаруына тыйым салғысы келеді. Алайда көзі ашық, көкірегі ояу ақын оның бұйрығына мойын ұсынбады. Ал Жәңгір хан болса, оған үстемдік жасау мақсатымен Махамбетті қамауға алғызды. 1829-1830 жылдар аралығында Махамбет қала бекшісінің түрмесінде отырды, бостандыққа шыққан соң Исатай Таймановқа қосылды.

Осылайша Махамбет өзі Жәңгір ханның қудалауымен екі жыл түрмеде отырып, 1831 ж. қашып шыққан еді. Одан кейінгі саналы өмірін патша өкіметінің отарлық саясатын жүзеге асырушы хан-сұлтандарға қарсы кекті жырлар толғайды, халықты күреске шақырады. Көтеріліс жеңіліспен аяқтағаннан кейін Жем, Жайық, Маңғыстау, Хиуа елдерін сағалайды, жасақ жинап, көтерілісті жаңадан жандандыруға күш салады. Бұл ниеті нәтижесіз болды, Бөкей ордасында қолға түсіп, Орынбор түрмесіне қамалады. Тұтқыннан босағаннан кейінгі өмірін Кіші жүздің батыс бөлігіндегі ел ішінде өткізеді. Бірақ, Жәңгір хан өлген соң аға сұлтан болған Баймағамбет Айшуақовтың жалдамалыларының қолынан қаза тапты.

Махамбет - халықты патшалық, хандық өкіметке қарсы қарулы көтеріліске шақырған алғашқы қазақ ақыны. Оның бейнелі де жалынды негізінен Шалкиіз, Сыпыра, Доспамбет, Қазтуған сияқты батыр жыраулардың үлгісінде шығарылған көтеріліс туралы толғаулар. "Жәңгірге", "Баймағамбет сұлтанға" деген өлеңдерінде үстем тап өкілдерін бет-пердесін жырта шенесе, "Мұнар күн" өлеңінде ел басындағы ауыртпалықты күйзеле, ашына айтты. Исатай - ақынның кеп өлеңдерінің басты қаһарманы. "Тайманның ұлы Исатай", "Исатай деген ағам бар", "Исатай сөзі", "Тарланым", т.б. өлеңдерінде Исатайдың адамгершілігі, азаматтығы, батырлығы, қайсарлығы сипатталады.

Махамбет айтулы күйші, сазгер де болған. "Өкініш", "Қайран Нарын", "Жұмыр қылыш", "Терезе", т.б. күйлері күйтабаққа жазылды. Махамбет өлеңдері 1908, 1912, 1925 ж. Қазан, Орынбор, Ташкент қалаларында жарық көрді. Шығармалары 1939-89 жылдар арасында 8 рет жеке кітап болып шықты, оқулықтар мен жинақтарға енді. Оның өмірі мен шығармашылығы жөнінде Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, Х.Сүйіншәлиев, С.Қирабаев, Ә.Дербісәлин, Р.Бердібаев, М.Мағауин, Қ.Сыдиықов, т.б. ғалымдар мен қаламгерлер зерттеулер, мақалалар жазды, пікірлер айтты. Өтемісұлы Махамбет (1804-1846) – қазақтың әйгілі ақыны, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған

көтерілісті (1836-1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы. Туып өскен жері Ішкі Бөкей ордасының Бекетай деп аталатын өңірі. Бұл қазіргі Орал облысының Жәнібек ауданына қарайтын жер. Шежіре дерегі бойынша он екі ата Байұлының бір бұтағы Беріш ішінде Нәдір деген кісіден Мәлі (кейбір деректе Құлмәлі, Құлманияз деп айтылады) туады. Мәлінің қазақ әйелінен Өтеміс пен Шыбынтай, қалмақ әйелінен Қобылай туған. Өтемістен - он ұл, Шыбынтайдан - төрт ұл, Қобылайдан - үш ұл туып, Мәлі ұлдың өзінен он жеті немере сүйген адам. Бұл әулет Тайсойған құмындағы іргелі ауылдардың бірі.¹

Махамбет өзінің барша болмыс қасиеттерімен көшпелілер арасындағы көсем тұлғалардың бірі. Ол өзі туып өскен өңірдің Қамбар батыр, Ер Тарғын, Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Жиёмбет, Доспамбет сияқты біртуар тұлғаларының өлмес мұраларын көкірегіне тоқып өсті. Өзі өмір сүрген заманның ағымына жүйрік, қыр сырын жетік меңгерген, көзі ашық, көкірегі ояу, білімдар адам болған. Шағатай, орыс, татар, араб тілдерін жазбаша тәуір меңгерген. Мұны ол жазған хаттардан айқын аңғаруға болады.

Махамбет Ресей отаршылдығының барша ауырлық тауқыметін көзімен көріп, оның барша зорлық зомбылығын басынан өткеріп, ғұмыр кешкен адам. Сондықтан да 1836 жылы әбден шыдамы таусылған халық теңіздей толқып көтерілгенде, осынау тегеурінді дүмпудің дем берушісі Махамбет болды. Ол Исатай батырмен бірге арыстандай ақырып, азаттық туын қолдаса көтеріп шықты. Азаттық үшін күрес Махамбеттің бүкіл өмірінің мазмұнына айналды. Ұлттың азаттығы мен халықтың әлеуметтік теңдігін Махамбет жеріне жеткізе жырлаған әйгілі ақын. Ол поэзияда қандай дара болса, күй өнерінде де сондай дара.

Махамбет көшпелілер өркениетінің осынау жарық дүниемен шарқырап тұрып қоштасқан соңғы үні. Жалына қол тигізбейтін көшпелілердің қыл

1. ¹ Қ.Сүйіншіалиев. Қазақ әдебиеті тарихы. Алматы. 2010 ж. 22 бет

сағағын тағдыр тұзағы қылқындырған сәтте асау рухы Махамбет болып тұяқ серпігендей. Қазақты ұлт ретінде даралап, тарих сахнасына шығарған көшпелілер мәдениетінің буырқанып келіп жартасты соққан ақжал толқыны Махамбет тәрізді. Егер, қазақ халқының рухани үрдісін кең аяда тарихи құбылыс ретінде елестетер болсақ, онда Көне Түркі ескерткіштерінен Қорқыт пен Асанқайғыдан бастап, Шалкиіз бен Қазтуған, Ақтамбердіге дейін жалғасып, ақыр аяғында Махамбетке келіп тірелетін жорық жырауларының бір-бірімен ғасырлар ойнауынан сабақтасқан жалынды үнін анық естуге болады. Махамбет – жорық жырауы. Сол Ұлы бабаларының дәстүрін жалғастырған, рухын сөзімен емес ерлік ісімен көрсеткен батыр-жырау. Махамбет заманы көшпелілер рухының айының батып, күнінің тұтылған кезі. Сондықтан да, көшпелілер мәдениетіндегі эпикалық синкреттілік Махамбет болмысымен түйінделеді. Бұдан былай өнер қоғамдық құбылыстарды реттеушілік міндетінен айрылып, эстетикалық алданыш болуға көшкен. Махамбеттің әрі батыр, әрі көсем, әрі шешен, әрі жырау, әрі күйші болуында осындай тарихи әлеуметтік сұраным болған. Бұл тұрғыдан келгенде, Махамбет жорық жаруларының ішіндегі соңғысы.

Ауыз әдебиетінің тереңінен сусындаған, өзінің бойына халықтық дәстүрді терең сіңірген Махамбет Өтемісұлы Исатай Тайманұлы бастаған халық көтерілісінде маңызды рөл атқарды, ол өзінің өлеңдері арқылы халықты патша өкіметі мен хандардың езгісіне қарсы күреске шақырды. Махамбеттің өлеңдері бостандық пен әділдікті, халық көсемдерінің батырлығын қалың халық бұқарасына паш ету мақсатында жазылды. Оның өлеңдері бұқара халықтың жүргеніне тым жақын болды.

1838 жылы Исатай қаза болған соң, Махамбет шағын тобымен орыс әскерлерінің арасынан өтіп, Хиуа хандығына кетеді. Ол көтерілісшілерді жауға қарсы күреске қайта жұмылдырғысы келеді, алайда оның бұл әрекеті жүзеге аспайды. Ол Бөкей ордасына жасырынып келіп, шаруалар арасында хан мен патшаға қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізе бастайды, бірақ ол

қайта тұтқындалып, Орынборға жөнелтіледі. Орынборда оған "енді қайтып бүлікке қатысушы болма" деген ескерту жасап, босатады.

Өмірінің соңғы жылдарын ақын ауылда өткізеді. Жәңгір хан мен Баймағамбет сұлтан халықтың бүлік шығаруына ықпал етуінен секем алып, оның сыртынан бақылау қояды. Ақыры ханның тыңшылары Махамбетті опасыздықпен өлтіреді.

1.1. Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы — теңдік пен бостандық

Ақын өлеңдерінің негізгі тақырыбы — теңдік пен бостандық, әділдік үшін күрес, қанаушы отаршылдық жүйеге қарсылық болып келеді де әрқашан жігерлі асып-тасып жатқан асқақ рухпен көмкеріледі, оған көне дәстүр бойынша философиялық терең толғамдар, пайымдаулар сабақтасып отырады. Махамбет ақын – ұлт азаттығы үшін күрескер тарихи тұлға ретінде біздің Тәуелсіздігіміздің бастау көздерінің бірі ретінде саналады. Сондай қоғам қайраткерлігімен бірге, өзінің отты, жалынды өлеңдері арқылы бар өмірін туған халқының мұңын жоқтауға арнаған ардақты ақын.

Махамбеттің «Жәңгір ханға айтқаны», «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Ерлердің ісі бітер ме?», «Өызғыш құс», «Толарсақтан саз кешіп», «Айныман» деген өлеңдері балалардың ойына қозғау салатын, оң мен солын танытатын, көтеріңкі көңілмен айтуға арналады. Мұнымен қатар балалардың жаттап айтуына жеңіл, орамы күшті, әсерлі сөздер мен жанды теңеулер бар. өлеңінің құрылысы өлшемі шағын, қысқалығы жағынан да балалар үшін ұтымды.

Махамбет өлеңдерінің балалар әдебиетіне жақын, ұғымына жеңіл тиетін бір ерекшелігі – онда аллитерация мен ассонастардың жиі кездесуі деп ойлаймыз. Өйткені қайталап айтылған сөз көңілге қандай қонымды болса, сөз басындағы жеке дыбыстардың қайталанып айтылуы да балаларға сондай әсер етеді. Бір дыбыстың еселеп, қайталап айтылуы сол сөздерге үстеме күшейткіш ұғым да береді. Махамбет өлеңдері балалар ойына қозғау салып, оның өз басына түскен қуғын-сүргін, азапты кісі ұғымына дәл тиетін екінші бір жәндіктер ортасында болатын оқиғаға салыстыра суреттеу арқылы көрсетуінде дейміз. Оқуға да, түсінуге де, жаттауға да сондайлық икемді жазылған. Тәрбиелік маңызымен қатар балалар әдебиеті мұрасына енетін Махамбет шығармаларындағы басты-басты ерекшеліктері бар. Бұл өлеңдер арқылы үлкендер мен кішілерге бірдей қызмет ететін балалар әдебиетінің

алғашқы даму, өркендеу, өсу кезеңдерінің қандай дәрежеде болғанын айқын көруге болады.

Ереуіл атқа ер салмай

Ереуіл атқа ер салмай,	Ашаршылық, шөл көрмей,
Егеулі найза қолға алмай,	Өзегі толып ет жемей,
Еңку-еңку жер шалмай,	Ер төсектен безінбей,
өоңыр салқын төске алмай,	ұлы түске ұрынбай,
Тебінгі терге шірімей,	Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Терлігі майдай ерімей,	Тебінгі теріс тағынбай,
Алты малта ас болмай,	Темір қазық жастанбай,
Өзіңнен туған жас бала,	өу толағай бастанбай?
Сақалы шығып жат болмай,	Ерлердің ісі бітер ме?
Ат үстінде күн көрмей,	

Қызғыш құс

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,	Аспандап ұшқан қызғыш құс
Қанатың қатты, мойның бос.	Сені көлден айырған-
Исатайдан айрылып,	Лашын құстың тепкіні.
Жалғыздықпен болдым дос.	Мені елден айырған-
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,	Хан ЖӘңгірдің екпіні.
Ел қорыған мен едім,	Айтып-айтпай немене?
Мен де айрылдым елімнен,	Құсалықпен өтті ғой
Көл қорыған сен едің,	Махамбеттің көп күні !!!
Сен де айрылдың көліңненорпн	

Бағаналы Терек

Орай да, борай қар жауса,	өарағайға қарсы бұтақ біткенше,
өалыңға боран борар ма?! өаптай соққан боранда	Еменге иір бұтақ бітсейші! өыранға тұғыр қыларға,
өаптама киген тоңар ма? Туырлықсыз тұл үйге,	Ханнан қырық туғанша, өарадан бір-ақ тусайшы,
Ту байласаң тұрар ма?	Халықтың кегін қусайшы,

Бағаналы терек жарылса, Артымыздан біздердің,
Бақыраш жаман болар ма? Ақырып теңдік сұрарға.

Бұл тәрізді элегиялық өлеңдердегі көркем образдардың қайсысын алсақта, ақынның айтайын деген негізгі идеясына бағыныңқы. Исатай өлгеннен кейін, күрес арқылы жетеміз деген мақсат орындалмай, көтеріліс жеңілгесін, хан, сұлтан, феодалдар халықты бұрынғыдан бетер езіп, ел басына ауыртпалықты күшейте түсті. Бұл жағдай ақынның поэзиясынан орын алмауы мүмкін емес еді. Ақынның бірқатар өлеңдеріндегі қайғының элементі жоғарғы халмен байланысты болды десек, Махамбеттегі элегиялық өлеңдердің негізі сол ақиқат жағдайлар деуге болады. Бірақ бұл сарындағы ақын өлеңдерінде, жауына деген өшпенділік бар, сөнбес кек бар, жолдас-жорасына дем беріп, өмірден түңілмеуге шақырып, болашаққа сенушілік бар. Міне, осылардың жиынтығы келіп, Махамбет өлеңдерін сары уайымнан аулақ етеді. ² Ақын өлеңдерін дәстүрлі үлгіге негіздей отырып, түр, мазмұн, жағынан байыта, жетілдіре түсті. Лирикалық өлеңдері көбіне толғау, жыр, терме түрінде жазылды. Исатайға арналған өлеңдерінде жоқтау сарыны басым. Оның шығармалары қазақ поэзиясының сатира, элегия, монолог, арнау жанрларының қалыптасуына, стилінің дараланып, поэтикалық тіл құралдарының артуына, философиялық тереңдіктің орнығуына үлес қосты. Халық нақылына құрылған философиялық толғаулары мен жігерге толы ерлік жырлары, жауынгер рухты биік өлеңдері оның шығармашылығын жоғары деңгейге көтерді. Махамбет жырлары дәуір шындығын бейнелеп, көтеріліс айнасы болып қана қойған жоқ, асқақ рух пен болашаққа деген сенімнің ерекше үлгісін көрсетті. Ақын жырлары орыс, араб, парсы сөздерінің көп кездесіп, шағатай тілінде жазылуымен ерекшеленеді. Ол жыраулық поэзия дәстүрін шебер дамыта отырып, қазақ өлеңінің табиғатын жаңартты.

2. ² Қ.Тасболатұлы. Қазақ әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі. Тараз. 2010.28 бет

1.2. Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінің тәрбиесі

Махамбет өлеңі – қазақ сөзінің қайталанбас құдіреті. Әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы мұншалық тап-таза қорғасыннан құйылған ап-ауыр асыл сөз қазақтан басқа жер бетіндегі ешбір елдің өлең-жырында жоқ.

Қазақ әдебиетінің ұлы материгіндегі өзгеше бір сырлы арал болып тұрған Махамбет поэзиясының тақырыбы біреу – майдан. Не үшін болып жатқан майдан? Қазақ елінің елдігі, еркіндігі мен егемендігі үшін болып жатқан ерлік майдан. Махамбет тек осы тақырыпты ғана толғады. Оның барлық өлеңін бір жерге топтағанда «Жорық жыры» болып шығатыны сондықтан.

Бір ғана идеяда – Қазақ халқының азаттығы мен бостандығы жолында туған, қалыптасқан, дамыған Махамбет шығармашылығы, тұтастай алғанда, автордың «сегіз қырлы, бір сырлы» автопортретін жасап, мұның өзі тек біздің ғана ұлттық менталитетімізге тән ерлік пен елдіктің өшпес рухына айналып отыр.

Махамбет жырларының үлкен тақырыбы – халық, шаруа, солардың феодалдық-хандық құрылыс тепкісінен құтылуға бағытталған бостандығы мен арманы болған еді. Яғни ақын поэзиясының халық тағдыры туралы жыр екенін оның «Ереуіл атқа ер салмайынан» өзге де «Соғыс», «Толғау» деген алғашқы өлеңдері дәлелдей алады. Жәңгір хан ордасының үстіне халық қаһарының бұлты төнген күндерді ақын өзгеше шабыт, ынтамен жырлайды.

Ақынның өлеңдері ерлікке, өрлікке арналады. Не үшін соғысып жүргенін айтады. **Ер қандай болу керек** деген сауалдарға жауап іздейді. Ақын өлеңдерінде халықтың қорғаны болатын ер азамат екендігін естен шығармау нақты айтылады, себебі елдің тыныштығы мен жауыздардан азат болуы үшін нағыз ержүрек батыл ұлдар керек болады. Мысалы:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-енку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,

Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық, шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай.
Темір қазық жастанбай.
Қу толағай бастанбай

Ерлердің ісі бітер ме?! – деп азаматтың міндетін көрсетеді.

Осыған ұқсас «**Беркініп садақ асынбай...**» деп басталатын өлеңі де бар. Алғашқыда ерлер ісі жорық пен оның қиындығына шыдау туралы болса, соңғыда жауын жену, ерлікпен қасқая соғысу ерлер ісі деп толғайды.

Исайтайдай жолдасын мақтап, нағыз ер бейнесін жасайды. Ақынның әр өлеңінде ел үшін, жұрт бақыты үшін қан төккен, сол мақсатқа бел буған ерлер бейнесі жасалса, Исатай – сол ерлерді бастаушы, халық үшін жанын қиған батыр, әрі соғыстағы ерліктің, жүректілік пен өрліктің символы да. «**Исатай деген ағам бар**», «**Мұнар күн**», «**Тайманның ұлы Исатай**», «**Мінкен ер**», «**Тарланым**», «**Исатайдың сөзі**», «**Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай**» өлеңдерінде тұтастай ел бастаған ер бейнесі сомдалады. Ақын Исатай бейнесі арқылы да жастарға осындай алып тұлғалы батырлардан үлгі алуға үндейді. Исатай бейнесін шынайы суреттеу арқылы қазақ ұлдарының елі үшін жан пиде етуге дайындығын дәлелдейді. Үмбетей, Ақтамберді, Бұқар жыраулар Абылай, Бөгенбай, Қабанбай бейнелерін сомдаса, Махамбет **Исатайдай** ердің биік тұлғасын үлгі етті.

Таудан мұнартып ұшқан тарланым,
Саған ұсынсам, қолым жетер ме?
Арызым айтсам, өтер ме?
Арыстаным, көп болды-ау,
Саған да менің арманым!
Кермиығым, кербезім!
Керіскендей шандозым,
Құландай ащы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым!
Хиуадай базарлым!

Исатайдан, жерінен айрылып өкінеді, өксиді. Сол күндерін сағынады.

Абайламай айрылдым,
Ар жақтағы елімнен –
Анау Нарын деген жерімнен.
Тірі кеттім демеймін,
Кем болмады өлімнен.
Теңім үлгі алмады,
Аузымдағы желімнен.
Істеген ісім кетті далаға.

Қызығыш құсқа зар айтады. Құсқа мұнданады.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос,
Исатайдан айрылып,
Жалғыздықпен болдым дос.
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Ел қорыған мен едім,
Мен де айрылдым елімнен;
Көл қорыған сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.

Аспандап ұшқан қызғыш құс!

Сені көлден айырған –

Лашын құстың текпіні;

Мені елден айырған –

Хан Жәңгірдің екпіні.

Айтып-айтпай немене?!

Құсалықпен өтті ғой,

Махамбеттің көп күні!!!

Махамбет поэзиясы – ерліктің, өрліктің поэзиясы. Ақынның асыл сөзінің маржан жырлары - жыраулар поэзиясымен үндестігі. Арнау, ханға қасқая сын, мін айту, жауынгерлік рух, батыр бейнесі жаңа үлгіде көрінді.³

Махамбет сонымен бірге өз өлеңдерінде өзі жасаған дәуірдің әділетсіздіктеріне шыдай алмай, соған қарсы күресті. Оны өзінің ағасы, Жәңгір ханның сенімді сұлтандарынан бірі болған Баймағамбет сұлтанға айтқан өлеңінен және хан Жәңгірдің өзіне тікелей айтқан батырлығынан көреміз. Бұл өлеңдерден жастар әділетсіздікке қарсы бетке айту қажеттігін, бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ екендігін түсінеді.

Хан емессің қасқырсың,

Хас албасты басқырсың,

Дұшпаның келіп табалап,

Достарың сені басқа ұрсын.

Хан емессің ылаңсың,

Қара шұбар жылансың.

Хан емессің аярсың,

Айыр құйрық шаянсың, - деп ханның кім екендігін бетіне айта алады.

3. ³ Қоңыратбаев.Ө. 4-7 сыныптарда әдебиетті оқыту методикасы. Алматы. 15 бет

Жалпы, Махамбет Өтемісұлы поэзиясының балалар әдебиетіне өзіндік үлкен үлес қосқандығы оның жасөспірімдерді ерлікке, патриоттыққа, әділеттілікке, бірсөзділікке, ел қамына жан күйдіре білуге шақыруында.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұқтар Әуезов Махамбеттің ақындық құдыретін жоғары бағалай келіп, былай деп жазды: «... Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс. Махамбет жырлары өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман талабы». Бұл классик ақынымыздың шығармашылығына берілген әділ баға деп білуіміз керек.

XIX ғасырдың 30-40 жылдарында Қазақстанның батыс аймақтарын мекендеген ел өмірінде ерекше із қалдырған ұлт-азаттық көтерілістің рухани көсемі, қазақ поэзиясының классигі Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО-ның шешіміне сәйкес 2003 жылы Атырау мемлекеттік университетінде халықаралық деңгейде өткізілуінің тәлімдік және тағылымдық мәні орасан зор.

Қазақтың Махамбеттей біртуар ұлының 200 жылдық мерейтойының ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілуі егемен еліміздің еңсесін биіктете түседі.

Махамбет – қазақ халқының кегі, ызасы, намысы, жігері, қайтпас қайсарлығы, яғни, Махамбет – қазақ халқының кегі мен ызасынан, намысы мен жігерінен жаралған наркескен рухани қару. Жауынгерлік рухтағы өршіл жырлардың інжу маржанын ұрпағына мұра еткен Махамбет – ерлік пен намыстың ақыны. Қазтуған, Доспамбет, Жалкиіз, Ақтамберді жыраулардың жалғасы Махамбет – сан ғасырлар бойғы тәуелсіздікке ұмтылған бабалар рухының нақты көрінісі.

Махамбеттің жырлары – ерліктің, өрліктің гимні, қайсарлықтың символы. Ерегескен дұшпанға қызыл сырлы жебедей қадалған Махамбет – жақсыларға еп, жамандарға көп, лапылдап тұрған өрт. Андамаған жалынан шарпылады. Жауырынан етін алса да жалынып, жалтақтауды білмес, қыңқ етпес табандылық ердің еріне бітеді. Халық қайғысын айтуға хан ұлынан

қаймықпау да, «бас кесермін, жасырман» деп, қасқая қарап тұру кез келгеннің қолынан келе қояр ма екен?

Махамбет ел, халық жүрегінен мәңгілікке орын тапты. Оның жырлары елдің рухын көтеретін, ерлікке, елдікке бастайтын ұран іспетті. Сондықтан да болар халқымыз Махамбеттің есімін де, отты жырларын да қатты қастерлеп, ұрпақтан ұрпаққа рухани қазына ретінде аманаттап жеткізіп отырды.

Махамбеттің қай өлеңін алсақ та, оның негізгі лейтмотиві – жас ұрпақты ерлікке патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелеу. Демек, оның шығармаларындағы айтылған қағидалар көтерілген мәселелер бүгінгі педагогиканың уақыт талабына қойып отырған мәселелерімен үндесіп жатыр. Ескі идеология, тарихнама, әдіснама бойынша тарихтағы жеке тұлғалардың ролі дұрыс бағаланбады, бұрмаланып біржақты түсіндірілді. Әсіресе, тарихи тұлғалардың алатын орнын, еңбектерін бағалауда ескі идеологияға негізделген көзқарасқа, әдіснамаға сүйенілді. Ел билеген хандар мен билерді, қолына қару алып елін қорғаған батырларды еліне білім мен ғылымның нәрін себуде ерекше еңбек сіңірген ойшылдарды, атап айтқанда, Махамбет, Исатай, Жәңгір Ханның тарихтағы орны, еңбектері біржақты бұрым алынып бағаланды.

Тек ғана соңғы жылдары тарихқа жаңа көзқарас тұрғысынан егемендігіміздің нәтижесінде Махамбет сынды алыптарымыздың еңбектерін жаңаша зерделеуге мүмкіншілік туды. Бабамыздың мұрасы көп жылдар ескерусіз келді.

Махамбет өлеңдерінде ұрпақ тәрбиесіне қатысты тәрбиенің сан-алуан салалары атап айтқанда, адамгершілік-имандылық, сұлулық, ел жандылық, экологиялық тәрбие туралы жан-жақты сөз болады. Махамбет шығармаларының жастардың бойында жағымды адами қасиеттер мен құндылықтарды қалыптастыруда алатын орны ерекше.

XIX ғасырдың бірінші жартысында сұрапыл жырлармен халықты күреске шақырып үндеген Махамбеттің ақындық дарыны ерекше. Өлең-тәрбие құралы. Көне заманнан бері халқымыз тәрбие құралы ретінде

ертегі, аңыздарды, батырлар жырлары мен дастандарды, өлеңдер мен терме, баталарды, мақал-мәтелдерді, қанатты сөздер мен шешендік өнерді, ырым-тиым сөздерді тиімді пайдаланып, ұлттық дәстүрімізді жалғастырып отырды. Көтеріліс кезінде Исатай бастаған қолдың алдында тұрып, оларды Жеңіске жетелеп, ұран көтеріп, өлеңмен жігер берген Махамбет ақынның басты құралы - өршіл жырлары болды.

Көтеріліс жеңіліске ұшыраса да, ол өз рухын жоғалтпады. Халықты көтеріліске қайта шақырып, өлеңмен ой салып, халық санасын оятуға күш салады. Амал не, қараңғы халық ойын түсінбеді, оның өлеңінің құдіретіне бас исе де, ақын соңына ермеді. Патша әскерінің қаруынан сескенген халық ақынның өлеңмен шақырған үндеуіне құлақ аспады. Жалғыздықтан күйінген ақын, өз сырын өлеңмен айта берді.

Ақын: «Мен едім» деген өлеңінде:

Бөз ағаштан биік мен едім,

Бұлтқа жетпей шарт сынбан,

Ел құтқарар, ер едім

Жандаспай ақыры бір тынбан, - деп өршілдігін жырлап көрсетеді. Ақын өлеңінің тәрбиелік мәні ерекше халық санасын оята түседі.

Ақын өлеңдерінің тәлімдік-тағылымдық негіздері тереңде жатыр. Ақынның «Күн қайда?» деген өлеңінде:

Қарт бұғыдай билерден

Ақыл сұрар күн қайда?

Бізді тапқан ананың

Асыраған ананың,

Ризалықпен жайласып

Қолын алар күн қайда? – халықымыздың халықтық педагогика негіздерін алдымызға тартады.

Махамбеттің өлеңдерінің бастан аяғына дейін жырлаған негізгі өзекті тақырыбы – жастарды елін, туып өскен жерін қорғау үшін «жалаулы найза қолға алып, жарақты жауды тоқтатып» есі үшін құрбан болған елдің арманы

жоқ, туған халқы, елі үшін кездескен қиыншылықты жеңе білуге жас ұрпақты үгіттеді.

Махамбеттің:

Толарсақтан саз кешіп,

Тоқтамай тартып шығуға

Қас үлектен туған катепті

Қара нар керек біздің бұл іске.

Қабырғасын қаусатып,

Біздің бүйткен бұл іске, - деп аталатын өлең жолдарында жастарды қандай ма болмасын қиындықты жеңе білуге туып өскен Отанын елін сүйуге, елжандылыққа тәрбиелеуге жас ұрпақты үндеді:

Махамбеттің «Қызғыш құс» өлеңінде де ақынның еліне деген сүйіспеншілігі тамаша өрнектелген. Ақын психологиялық параллелизмді шебер қолдана отырып, қызғыш пен өз дағдырын салыстырады. Махамбет көл қорыға қызғыштай елі үшін отқа түседі:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Қанатың қатты, мойның бос.

Исатайдан айырылып,

Жалғыздықпен болдым дос.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Ел қорыған мен едім

Мен де айырылдым елімнен

Көл қорыған сен едің,

Сен де айырылдың көліңнен.

Махамбет өз туған халқының перзенті ретінде өз елінің болашағынан үлкен үміт күтті, елдің еркіндігін аңсады:

Еділдің бойы ен тоғай,

Ел қондырсам деп едім.

Жағалай жатқан сол елге,

Мал толтырсам деп едім...

Махамбеттің бұл арманы бүгінде орындалды, іске асты. Бүгінде Қазақстан Республикасы – егеменді ел. Тәуелсіздік алған мерзімнің ішінде Президентіміздің басшылығымен біршама жетістіктерге қол жетті. Қазақ тілінің мың оралымдығы, қасиетін ұғындыруда ақын жырлары – ұрпақ тәрбиесінде баға жетпес байлық.

Махамбеттің Исатай бейнесін көркем сомдауы, халық кегінің жолында көтеріліске шақыру болашаққа, келер ұрпаққа деген нық сенімі жыр жолдарында өте көркем берілген. Ұрпақ бойында ұлттық рухты, өзіне деген сенімділікті, халқына деген құрметті қалыптастыруда Махамбет өлеңдерін түсіне отырып оқыту қажет.

Біздің парызымыз – осы тұлғаны ұрпаққа таныту, оның жырларын өшірмей мәңгілікке сіңіру Махамбет өлеңдері барша елдік, ерлік қуатымен, көркемдік құнарымен шетел тілдеріне аударылса, әлем халықтары сүйіп оқитын қымбат шығарма, қазақтың тілін, ерлігін танытатын асыл қазына болары анық. Осы баға жетпес асылымызды оқыта отырып, жас ұрпақтың өзін тани білу үн қосу. Жыр жолдарын ұрпақ тәрбиесінде орынды қолдану – ұстаз міндеті. Махамбет жырлары миллиондаған жас жүректерге ерлік рухын дарытып, үміт отын жағып, күш-қуат берері сөзсіз.

Махамбет поэзиясында оқушыларды жақсы өнеге, адамгершілікке үндеген терең философиялық түйін, парасатты ой, қайсарлық пен нәзіктік аз емес. Оқыту үрдісінде оларды тәрбиелік мақсаттарға ұтымды пайдалана білу, өскелең ұрпаққа дәйектілікпен жеткізе білу – парызымыз.⁴

⁴ Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдасы. Алматы, 2009. 11 бет

1.3. Махамбет Өтемісұлының педагогикалық көзқарастары

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұқтар Әуезов Махамбеттің ақындық құдыретін жоғары бағалай келіп, былай деп жазды: «... Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс. Махамбет жырлары өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман талабы».

Махамбет – қазақ халқының кегі, ызасы, намысы, жігері, қайтпас қайсарлығы, яғни, Махамбет – қазақ халқының кегі мен ызасынан, намысы мен жігерінен жаралған наркескен рухани қару. Жауынгерлік рухтағы өршіл жырлардың інжу маржанын ұрпағына мұра еткен Махамбет – ерлік пен намыстың ақыны. Қазтуған, Доспамбет, Жалкиіз, Ақтамберді жыраулардың жалғасы Махамбет – сан ғасырлар бойғы тәуелсіздікке ұмтылған бабалар рухының нақты көрінісі.

Махамбеттің жырлары – ерліктің, өрліктің гимні, қайсарлықтың символы. Ерегескен дұшпанға қызыл сырлы жебедей қадалған Махамбет – жақсыларға еп, жамандарға көп, лапылдап тұрған өрт. Аңдамаған жалынанана шарпылады. Жауырынан етін алса да жалынып, жалтақтауды білмес, қыңқ етпес табандылық ердің еріне бітеді.

Халық қайғысын айтуға хан ұлынан қаймықпау да, «бас кесермін, жасырман» деп, қасқая қарап тұру кез келгеннің қолынан келе қояр ма екен? Махамбет ел, халық жүрегінен мәңгілікке орын тапты. Оның жырлары елдің рухын көтеретін, ерлікке, елдікке бастайтын ұран іспетті. Сондықтан да болар халқымыз Махамбеттің есімін де, отты жырларын да қатты қастерлеп, ұрпақтан ұрпаққа рухани қазына ретінде аманаттап жеткізіп отырды. Махамбеттің қай өлеңін алсақ та, оның негізгі лейтмотиві – жас ұрпақты ерлікке патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Демек, оның шығармаларындағы айтылған қағидалар көтерілген мәселелер бүгінгі педагогиканың уақыт талабына қойып отырған мәселелерімен үндесіп жатыр. Ескі идеология, тарихнама, әдіснама бойынша

тарихтағы жеке тұлғалардың ролі дұрыс бағаланбады, бұрмаланып біржақты түсіндірілді. Әсіресе, тарихи тұлғалардың алатын орнын, еңбектерін бағалауда ескі идеологияға негізделген көзқарасқа, әдіснамаға сүйенілді.

Ел билеген хандар мен билерді, қолына қару алып елін қорғаған батырларды еліне білім мен ғылымның нәрін себуде ерекше еңбек сіңірген ойшылдарды, атап айтқанда, Махамбет, Исатай, Жәңгір Ханның тарихтағы орны, еңбектері біржақты бұрмаланып бағаланды. Тек ғана соңғы жылдары тарихқа жаңа көзқарас тұрғысынан егемендігіміздің нәтижесінде Махамбет сынды алыптарымыздың еңбектерін жаңаша зерделеуге мүмкіншілік туды. Бабамыздың мұрасы көп жылдар ескерусіз келді.

Махамбет өлеңдерінде ұрпақ тәрбиесіне қатысты тәрбиенің сан-алуан салалары атап айтқанда, адамгершілік-имандылық, сұлулық, ел жандылық, экологиялық тәрбие туралы жан-жақты сөз болады. Махамбет шығармаларының жастардың бойында жағымды адами қасиеттер мен құндылықтарды қалыптастыруда алатын орны ерекше.

XIX ғасырдың бірінші жартысында сұрапыл жырлармен халықты күреске шақырып үндеген Махамбеттің ақындық дарыны ерекше. Өлең-тәрбие құралы. Көне заманнан бері халықымыз тәрбие құралы ретінде ертегі, аңыздарды, батырлар жырлары мен дастандарды, өлеңдер мен терме, баталарды, мақал-мәтелдерді, қанатты сөздер мен шешендік өнерді, ырым-тиым сөздерді тиімді пайдаланып, ұлттық дәстүрімізді жалғастырып отырды. Көтеріліс кезінде Исатай бастаған қолдың алдында тұрып, оларды Жеңіске жетелеп, ұран көтеріп, өлеңмен жігер берген Махамбет ақынның басты құралы - өршіл жырлары болды.

Көтеріліс жеңіліске ұшыраса да, ол өз рухын жоғалтпады. Халықты көтеріліске қайта шақырып, өлеңмен ой салып, халық санасын оятуға күш салады. Амал не, қараңғы халық ойын түсінбеді, оның өлеңінің құдіретіне бас исе де, ақын соңына ермеді. Патша әскерінің қаруынан сескенген халық ақынның өлеңмен шақырған үндеуіне құлақ аспады. Жалғыздықтан күйінген ақын, өз сырын өлеңмен айта берді.

Ақын: «Мен едім» деген өлеңінде:

Бөз ағаштан биік мен едім,

Бұлтқа жетпей шарт сынбан,

Ел құтқарар, ер едім

Жандаспай ақыры бір тынбан, - деп өршілдігін жырлап көрсетеді.

Ақын өлеңінің тәрбиелік мәні ерекше халық санасын оята түседі.

Ақын өлеңдерінің тәлімдік-тағылымдық негіздері тереңде жатыр. Ақынның

«Күн қайда?» деген өлеңінде:

Қарт бұғыдай билерден

Ақыл сұрар күн қайда?

Бізді тапқан ананың

Асыраған ананың,

Ризалықпен жайласып

Қолын алар күн қайда? – халықымыздың халықтық педагогика негіздерін алдымызға тартады.

Махамбеттің өлеңдерінің бастан аяғына дейін жырлаған негізгі өзекті тақырыбы – жастарды елін, туып өскен жерін қорғау үшін «жалаулы найза қолға алып, жарақты жауды тоқтатып» есі үшін құрбан болған елдің арманы жоқ, туған халқы, елі үшін кездескен қиыншылықты жеңе білуге жас ұрпақты үгіттеді.

Қазақ тілінің мың оралымдығы, қасиетін ұғындыруда ақын жырлары – ұрпақ тәрбиесінде баға жетпес байлық. Махамбеттің Исатай бейнесін көркем сомдауы, халық кегінің жолында көтеріліске шақыру болашаққа, келер ұрпаққа деген нық сенімі жыр жолдарында өте көркем берілген. Ұрпақ бойында ұлттық рухты, өзіне деген сенімділікті, халқына деген құрметті қалыптастыруда Махамбет өлеңдерін түсіне отырып оқыту қажет.

Біздің парызымыз – осы тұлғаны ұрпаққа таныту, оның жырларын өшірмей мәңгілікке сіңіру Махамбет өлеңдері барша елдік, ерлік қуатымен, көркемдік құнарымен шетел тілдеріне аударылса, әлем халықтары сүйіп оқитын қымбат

шығарма, қазақтың тілін, ерлігін танытатын асыл қазына болары анық.⁵ Осы баға жетпес асылымызды оқыта отырып, жас ұрпақтың өзін тани білу үн қосу. Жыр жолдарын ұрпақ тәрбиесінде орынды қолдану – ұстаз міндеті. Махамбет жырлары миллиондаған жас жүректерге ерлік рухын дарытып, үміт отын жағып, күш-қуат берері сөзсіз.

Махамбет поэзиясында оқушыларды жақсы өнеге, адамгершілікке үндеген терең философиялық түйін, парасатты ой, қайсарлық пен нәзіктік аз емес. Оқыту үрдісінде оларды тәрбиелік мақсаттарға ұтымды пайдалана білу, өскелең ұрпаққа дәйектілікпен жеткізе білу – парызымыз.

⁵ Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 2010. 25 бет

II. ТАРАУ. Әдебиет сабақтарында Махамбет поэзиясының көркемдік сипатын оқыту

Махамбет Өтемісұлы – күрескер ақын, жаужүрек батыр, балкөмей жырау, дәулескер күйші. Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің көсемі әрі жалынды жыршысы, өз қоғамының идеялық күрескері.

Махамбет!

Бұл есім – өмірдегі қайсарлықтың синониміне, өнердегі қасиеттің символына айналған аса аяулы әрі ардақты ат. Көзі ашық, көкірегі ояу қазақтың бір де бірі бұл есімге бейтарап қарай алмайды:

«Ереуіл атқа ер салмай,

Егеулі найза қолға алмай,

Еңку-еңку жер шалмай... – дей бастасаңыз-ақ болғаны, алдымен мейірімін төгеді, содан соң мерейленіп кетеді.

Махамбет өлеңі – қазақ сөзінің қайталанбас құдіреті. Әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы мұншалық тап-таза қорғасыннан құйылған ап-ауыр асыл сөз қазақтан басқа жер бетіндегі ешбір елдің өлең-жырында жоқ.

Қазақ әдебиетінің ұлы материгіндегі өзгеше бір сырлы арал болып тұрған Махамбет поэзиясының тақырыбы біреу – майдан. Не үшін болып жатқан майдан? Қазақ елінің елдігі, еркіндігі мен егемендігі үшін болып жатқан ерлік майдан. Махамбет тек осы тақырыпты ғана толғады. Оның барлық өлеңін бір жерге топтағанда «Жорық жыры» болып шығатыны сондықтан.

Бір ғана идеяда – Қазақ халқының азаттығы мен бостандығы жолында туған, қалыптасқан, дамыған Махамбет шығармашылығы, тұтастай алғанда, автордың «сегіз қырлы, бір сырлы» автопортретін жасап, мұның өзі тек біздің ғана ұлттық менталитетімізге тән ерлік пен елдіктің өшпес рухына айналып отыр.

Махамбет жырларының үлкен тақырыбы – халық, шаруа, солардың феодалдық-хандық құрылыс тепкісінен құтылуға бағытталған бостандығы

мен арманы болған еді. Яғни ақын поэзиясының халық тағдыры туралы жыр екенін оның «Ереуіл атқа ер салмайынан» өзге де «Соғыс», «Толғау» деген алғашқы өлеңдері дәлелдей алады. Жәңгір хан ордасының үстіне халық қаһарының бұлты төнген күндерді ақын өзгеше шабыт, ынтамен жырлайды.

Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,

Ерлердің ісі бітер ме?! — деген сөздер бір ғана батырларды емес, өзінің бостандығы үшін қолына қару алып аттанған бүкіл халық ерлігін жырлау болатын. Бір ауыз сөзбен айтқанда, елің егемен, халқың азат болмайынша «ерлердің ісі бітпейді» дейді ақын.

Махамбеттің элегиялық өлеңдері - аса суретті, тамаша, көркем. Бұлар ақынның тек жалаң өз қайғыруының сәулесі емес, ол басқа түскен сол кездегі ауыр халдердің айнасы болды.

Кейбір өлеңдерінде ақын туған елі бүгінгі Қазақстан жерінің табиғат байлығының әдемі көріністерін, ең даланың, асқар тау, шыңырау қиялардың айбатты пішінін суреттейді. Өлеңнің көп жерлерінде ақын көшпелі, мал баққан, ит жүгіртіп, құс салған аңшылық, өз елінің өмірінде орны бар жан-жануар, аң, құстардың образын көрсетуге көбірек көңіл аударады. Бірақ бұл ел, табиғат байлығын, жан-жануарлардың әлемін суреттегенде, олардың тек көркемдік сипатын ғана көрсету немесе тек сұлулық үшін ғана суреттемейді. Мұнда да ақын ел тағдырымен байланысты өз басынан кешірген қиын-қыстау кезеңдердегі ой, сезімін оқушылары толық сезінгендей етіп, ашығырақ көрсетуге құрал есебінде қолданады. Бұған мына төмендегі үзінді толық дәлел:

Назары қайтқан күн болған.
Жібектен бауы көнеріп.
Ақсұңқар ұшқан күн болған.
Бағаналы боз орда
Еңкейінкі күн болған.

Дем құрыған күн болған.

Бұл тәрізді элегиялық өлеңдердегі көркем образдардың қайсысын алсақ та, ақынның айтайын деген негізгі идеясына бағыныңқы. Исатай өлгеннен кейін, күрес арқылы жетеміз деген мақсат орындалмай, көтеріліс жеңілгесін, хан, сұлтан, феодалдар халықты бұрынғыдан бетер езіп, ел басына ауырмалықты күшейте түсті. Бұл жағдай ақынның поэзиясынан орын алмауы мүмкін емес еді. ⁶

Ақынның бірқатар өлеңдеріндегі қайғының элементі жоғарғы халмен байланысты болды десек, Махамбеттегі элегиялық өлеңдердің негізі сол жағдайлар деуге болады. Бірақ бұл сарындағы ақын өлеңдерінде, жауына деген өшпенділік бар, сөнбес кек бар, жолдас-жорасына дем беріп, өмірден түңілмеуге шақырып, болашаққа сенушіліктер бар.

Міне, осылардың жиынтығы келіп, Махамбет өлеңдерін сары уайымнан аулақ етеді.

⁶ Жұматаева Е. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. А., 2010. 42 бет

II.1. Махамбет өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктерін оқыту.

Ал Махамбет өлеңдерін жатқа білу ақындарға парыз сияқты нәрсе болған. Махамбеттің өз заманындағы Шернияз, Қуан, онан кейінгі - кішкене Қобыланды, Кубала, Лұқпан, Мұрат, Ығылман ақындар бұл өлеңді жатқа біліп, елден елге жайып, атадан балаға қалдырып келген. Ұлы ақынның біздің заманымызға жеткен өлеңдері сол Мұрат ақынның аузынан Ығылман жаттап, Ығылмағаннан баспаға беру үшін жазып алынған.

Ақындар Махамбет өлеңдерін құр ғана жаттап қоймаған және оған еліктеген. Кейінгі ақындардың шығармаларына Махамбет үлкен әсер еткен. 1868 жылы өлген кішкене Қобыланды ақынның «Шектімен айтысы» дейтін бір өлеңі бар. Бұл өлең құрылыс жағынан да, образды пайдалану әдісі жөнінен де Махамбет өлеңдеріне қатты ұқсас. Ал Махамбеттің Мұрат ақынға тигізген әсерін алсақ өзгешелеу, өйткені бұл екеуінің әлеуметтік мәні, дүниеге көзқарасы екі түрлі болды. Феодалдық ру қоғамын өте дәріптеген Мұратқа Махамбеттің төңкерісшіл өлеңдері кейбір түр жағынан ғана ықпалын тигізген. Оның «Шалгезі» мен «Үш Қиян» деген өлеңдері - Махамбетке түр жағынан еліктеумен шығарылған өлеңдер. Ығылман Шөрекұлының «Исатай, Махамбет» деген үлкен поэмасы да осы Махамбет өлеңдерінің күшті ықпалымен жазылған. Махамбет поэзиясының әсерін біздің жас ақындарымыздың өлеңдерінен де табуға болады.

Махамбеттің негізгі өлеңдері бірінші рет 1925 жылы Ташкентте басылды дедік. Екінші рет басылуы - Алматы, 1939 жылы. Махамбет өлеңдері бұрынғы баспаларына кірген өлеңдері негізінде Гурьев облысының маңында сақталған. Сол өлкеде туып, өскен ақындардың аузынан алынған өлеңдер.

Махамбеттің негізгі өлеңдерін ең әуелі жатқа білген қаратоқай Мұрат ақын да, одан Ығылман Шөреков жаттап алып, 1925 жылы баспаға шыққан өлеңдер де, 1939 жылғы басылып шыққан өлеңдері де осы Ығылман ақыннан жазылынып алған.

1939 жылғы баспасына бұрынғы баспасында жоқ екі өлең кірді. «Махамбеттің Жәңгірге айтқаны», «Бағаналы терек жарылса». Бұл Батыс Қазақстан Таловка ауданының қазағы Мұрат Құсниұлынан жазылынып, екінші басылуына енгізілді. Осы соңғы екі өлеңі болмаса, басқа өлеңдері түгелдей Гурев облысының ақындары сақтаған өлеңдер. Бірақ Махамбеттің туып, өскен және Исатай екеуінің ханға қарсы езілуші қара шаруалардың көтерілісін басқарып, сол көтерілістің жалынды жыршысы болып, халық аузына бірінші іліккенде, даңқы жер жарып, ақындық күшіне жұрттың басын идірген жері де Батыс Қазақстан, бұрынғы Орда ауданы. Әйтсе де Махамбет өлеңдерін зерттеушілерге, соңғы кезге дейін, Қазан университетінің профессоры Васильев жинаған бірен-саран өлеңі болмаса, еш мәлімет түскен емес. Профессор Васильевтің Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтына жіберген өлеңдері де Махамбеттің басылып жүрген өлеңдерінің кейбіреулерін Батыс Қазақстаннан жазып алғаны болмаса, жаңалығы жоқ. Басқа облыс, басқа аудандарға қарағанда, оның туып-өскен жерінде Махамбеттің сөздерін жатқа білушілер көбірек болуы заңды да, орынды да. Расында да солай болып шықты.

1938 жылы біз Орда ауданында болып, бұрынғы хан орданың тұрған жері Жасқұстан бастап, Теректі, Баршақұм, Жаңақала, қысқасы, Махамбеттің туған жері мен өмір сүрген жерлерін және көтерілістің болған ізімен екі айдан аса ел аралап, көптеген материал жинадық.

Исатай, Махамбет жөніндегі ел аузындағы толып жатқан аңыз, қызықты ертегі, әңгімелер өз алдына, Махамбет өлеңдерін басынан аяғына шейін жатқа білетіндердің көптігі мәлім болды. Олардың бірқатары біз барғанда елде болмады, бірқатары басқа жаққа көшіп кеткен. Әйтсе де он шақты адамға айтқызып, солардың ішінен үш- төрт адамның аузынан Махамбеттің бұрын бізге белгісіз өлеңдерін жазып алдық:

«Әй, Махамбет, жолдасым», «Мінгені Исатайдың Ақтабаны-ай», «Исатай деген ағам бар», «Арқаның қызыл изені», «Мен құстан туған құмаймын», «Белгілі туған ер едім», «Арғымақ сені сақтадым», «Арғымақтың баласы», «Қарағай шаптым шандоздан», «Адыра қалған Нарынның», «Еңселігім екі елі», «Атадан туған ардақты ер» - не бары төрт жүз жол өлең. Бұлардың бірқатары Орда ауданы Мешітқұм деген жердегі түйе совхозында тұратын Бекқазы деген шалдан, кейбіреулері Орданың өзінде тұрушы, кеңсе қызметкері Насибулла Жанекешовтен, негізгі көпшілігі Батыс Қазақстан Жаңақала ауданы 20 ауыл, «Бірлік» колхозының мүшесі Қайролла Төлеев деген адамнан жазылынып алынды. Махамбет өлеңдерін бұлардан басқа да білушілер болды. Бірақ жаңалықтары аз, жоғары үшеуінің айтқандарынан өзгешелігі жоқ. Сондықтан сол үшеуінің айтқандарынан жазылынып алынған өлеңдерді жинаққа ұсындық.⁷

Махамбет өлеңдерін жатқа білушілердің ішінде зерттеушілердің көңілін аударарлық айрықша мәні бар айтушылар - Бекқазы мен Қайролла Төлеев. Бекқазы 85 жастағы, Қайролла Төлеев - 70 жастағы адамдар. Бұлардың екеуі де Махамбеттің өлеңдерін жазбасынан емес, бұрынғы ел аузындағы түрінде жаттап алғандар. Осы жағынан алғанда, олардың бізге берген материалдарының мәні ерекше. Өйткені басылып жүрген өлеңдердің қолжазбалары болмағандықтан, осы өлеңдер Махамбеттің өзінікі ме, жоқ па, өзінікі болса, дұрыстығы қандай деген кейбір күдіктер де болуы мүмкін еді. Ал мына жасынан білетін айтушылардың жадындағы Махамбет өлеңдері мен басылып шыққандарын салыстырсақ, жоғарғы күдіктерге жол қалмайды.

⁷ Е. Абдувалитов, Д. Дуйсебаева. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың заманауи технологиясы. Оқу қолданба. Ташкент. 2010. 64 бет

Махамбет өлеңдері өзінің жанр жағынан да зерттеушілердің айрықша көңілін аударуға тиіс. Оның кейбір өлеңдерін лиро-эпикалық түрге жатқызуға болады. Ол өлеңдерінде ақын өмір құбылыстарын Исатай бастаған шаруалар көтерілісімен байланысты тарихи шындық, өз қалпында суреттелсе, сонымен қатар оған өзінің көзқарасын, қатысын, ол жағдайды өзінің қалай сезінуін де көрсетеді.

Лирикалық сезінуге бөлене отырып, оқиғаны баяндау лиро-эпикалық жырларға тән нәрсе екендігі кімге де болса мәлім. Бұлай баяндау сарыны (мотив) Махамбеттің «Соғыс», «Мінкен ер», «Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Исатай сөзі» деген өлеңдерінде айқын сезіледі.

«Соғыс» деген өлеңінде Махамбет көтерілісінің әрбір кезеңдерін тарихи оқиғаның ізіне сәйкес етіп суреттейді. Кейбір көріністерді баяндау, суреттеулері тарихи фактілермен тығыз байланысты болып отырады. Бір қарағанда, осы «Соғыспен» өрістес біркелкі өлеңдерді тіпті тарихи жыр өлеңдер тобына жатқызуға да болатын тәрізді. Бірақ бұл - өз алдына жеке тексеруді керек ететін мәселе. Өйткені ауыз әдебиетіндегі белгілі бір түр саналатын тарихи өлеңдер (лиро-эпикалық жыр емес, қысқа өлеңдер) бізде әлі де зерттелген емес. Махамбеттің бұл тектес өлеңдерінің ауыз әдебиетіндегі қысқа тарихи өлеңдермен байланысы барлығы айқын. Бірақ айырмасы қайсы деген сұрақ әуелі ауыз әдебиетіндегі ескіден келе жатқан қысқа өлеңдердің өзін жеке мәселе етіп талдауды керек етеді. Сондықтан оны басы ашық қалдырамыз.

Ал біздің бұл жерде айтпағымыз - ақынның тарихи уақиғаларды тамаша шындықпен бұлжытпай көрсете алуы. Осы жағынан алғанда, оның өлеңдерінде тарихи шындықтың салмағы басымдығы және Махамбет өлеңдерінің тарихи мәні үлкен екендігі аңғарылады. Қырғыз халқының (сонымен қатар қазақтың да) ертегілер мен аңыз, өлеңдерінің тарихи мәні туралы Шоқан Уәлиханов былай деп жазады: «Егер жұрттың айтуымен Геродот жинаған Гомердің көркем ертегілері мен аңыздарының аз да болса, тарихи мәні бар десек, егер де өзгеріліп, мысал тәрізді болып кеткен

аңыздардың негізінде оқиға шындыққа жататын болса, қырғыздың аталарының өмір тұрмысын, әдет-ғұрпын әр жағынан қамтып, белгілі бір жүйеде суреттеген, сол елдің өткен кездегі өмірінің сәулесі болған аңыздарын алып, ол халықтың осы күнгі мінез, құлықтарымен және олар жөніндегі тарихи сілтеулермен салыстырсақ, ол аңыздардың тарихи мәні болуы мүмкіндігіне күдіктенбеуіміз керек».

Шоқан Уәлихановтың эпос, ертегі-аңыздардың тарихи мәні бар деген бұл пікірін негізді десек, тарихи мәліметпен мидай араласып жатқан тарихи оқиғалардың нақтылы сәулесі болған Махамбет поэзиясының тарихи мәні зор, ол тарихи документ екендігіне шек келтіруге болмайтыны ашық, талассыз.

Біз жоғарыда Махамбеттің біркелкі өлеңдері лиро-эпикалық түрге жатады дедік. Бірақ бұл сөзден олардың ішінде лирика жоқ деген ұғым тұмауы керек. Лиро-эпикалық деген сөздің өзінде сол түсінік бар. Өзі мен Исатайдың алға қойған тілек, мақсаттарын өздерінің хан-сұлтандарға қарым-қатынастарын жай баяндау түрінде айта келіп, кей жерлерінде не лирикалық шегініс ретінде, не ішкі күйінішін сыртқа шығару мақсатымен айтылған лирикалық шумақтарда да аз кездеспейді. Екінші сөзбен айтқанда, Махамбеттің бірқатар өлеңдерінде эпостық сарын жалынды лирикамен аралас келеді.

Кешегі Исатайдың барында,
Алақандай Нарынды
Басушы едік құлаштай!
Жәбір беріп жапа етсең,
Былғанған басым ласқа-ай!
Мен бір шарға ұстаған қара балта едім,
Шабуын таппай кетілдім.
Қайраса, тағы жетілдім...
Көрмес, келмес деп едім,
Өз еркіммен бетіңді-ай!1

Жалпы алғанда Махамбетке тән нәрсе - лирика. Махамбет өлеңдерінің негізгі көпшілігі лирикалық өлеңдерге жатады. Сонымен қатар Махамбет лирикасы өзіне шейінгі қазақ әдебиетіндегі болып келген лирикалық өлеңдерден анағұрлым айырмасы да, өзіне тән ерекшелігі де бар.

Махамбет өлеңдері өз басынан кешірген ауыр халдерді сезіне отырып, терең толғап суреттеумен қатар, ол өз кезіндегі тарихи оқиғалармен байланысты туған қалың бұқараның көңіл күйін де көрсете білді. Оның өлеңдерінде өзінің көңіл күйі мен ел күйі ұштасып жатты. Сондықтан оның лирикасын әлеуметтік сарындағы, саяси-үгіттік лирика деп атауға тура келеді.

Қоғамның тапқа бөлінуінің негізінде таптық күрес туады да, сол таптық күрес саяси, таптық жырларды туғызады. Бірақ бұл жаңа мотивтегі поэзия көркем лирикаларға өзінен бұрынғы поэзияның әсері болуы да мүмкін. Әйтсе де олардың өзіне тән ерекшеліктерін де байқау қиын емес.

Қоғамның тапқа бөлінуі және сол тапқа бөлінудің негізінде туған тап күресі қазақтың фольклорінде де айқын көрінеді. Соған қарағанда саяси лириканың бастамасы ауыз әдебиетінде жатыр деуге болады. Демек, Махамбеттің саяси лирикалары ауыз әдебиетінде бір тамыры фольклор традициясымен байланысты. Жалпы, саяси лириканың өзіне қас ерекшелігі - үгіт-насихат істерді көпшілікке үндеу, белгілі бір топтың не таптың алдында тұрған тілек, мүддесін көркемсөз арқылы көпшіліктің сана-сезіміне жеткізу, үгіт арқылы оларға әсер ету болса, Махамбет поэзиясында бұл бағыт қатты сақталады.

Біз жоғарыда да Махамбеттің өміріне байланысты Ішкі Бөкей ордасының шаруашылық жағдайы әлеумет өмірінде тап тартысын күшейтті, сол қайшылықтармен байланысты шаруалар көтерілісі туды дедік. Ол көтеріліс өзінің қолбасы батырымен қатар, жалынды үгітшісін де туғызды. Бұл тәрізді тарихи жүкті мойнына артқан адамның бірі - Махамбет. Сондықтан да Махамбет поэзиясының басты қасиеттерінің бірі саяси үгіт болуы заңды. Бірақ саяси үгіт поэзиясын жасаушы тарихта жалғыз Махамбет емес,

басқалар да болды. Әйтсе де солармен салыстырғанда да, Махамбеттің тағы өз ерекшелігі бар. Бізше, Махамбеттің негізгі ерекшелігі - оның бір сырлы, сегіз қырлылығында.

Махамбет өлеңдері тек жалаң құрғақ үгіт емес, оның өлеңдерінде жалынды, саяси өткірлік пен терең ой, нәзік сезім әрдайым ұштасып, біте қайнасып жатады. Махамбет өлеңдерінде бұл үшеуінің жігін ашып, бөліп алуға болмайды. Осы қасиеті Махамбетті көтеріліс туын көтерген әрі жалынды үгітші, әрі ардақты ақын етті. Бұл мазмұн Махамбет өлеңдерінің құрылысы мен түріне де әсер етті. Түр - мазмұнның түрі болуы қажет деген шартқа Махамбет поэзиясы толық жауап бере алады. Оның: «Ереулі атқа ер салмай», «Мұңайма», «Айныман» деген өлеңдері - мазмұнына түрі сай, жалынды үндеу сөздер.

Махамбеттің досын мақтап, дұшпанын даттап шығарған өлеңдерінің мазмұны күрес идеясын жыр ету болса, құрылысы шешендікке толы үгітке арналған отты, өткір сөздер болып келеді де, сөйлемдері қаратпалы, сұрау сөйлемдер болып келеді, не жарлай арнау, не сұрай арнау немесе риторикалық сұрау болып отырады. Мысалы үшін, «Мұңайма» деген өлеңін алайық:

Ханның ісі қатайды,
Азамат ерден мал тайды,
Қанды көбе киініп,
Бір Аллаға сиынып,
Ұрандап жауға тигенде,
Кім жеңері талай-ды,
Жолдастарым, мұңайма!.. -
дейді ақын.

Мұндағы «азамат, жолдастарым» деп, достарына қайырыла сөйлеу, сөйлемін риторикалық сұрау түрінде құру, өзінің айтайын деген пікіріне дәл, күреске үндеу тілегіне сай.

Махамбет өлеңдерінде бұл тәрізді үгіт өлеңдермен қатар, лириканың басқа түрлері бар. Ақынның бірқатар өлеңдері жоқтау өлеңдердің үлгісінде құрылады.

Қазақ фольклорінде дүние салған адамның тіршіліктегі іс-әрекеттерін әр жағынан алып, толық баяндап жырлайтын жоқтаулар, естіртулер көп. Махамбет өлеңдерінің кейбіреулері фольклорда кездесетін жоқтау өлеңдердің қысқа түріне жақындайды. («Тарланым», «Тайманның ұлы Исатай»). Исатайдың өліміне арнаған «Тарланым» деген өлеңін алсақ, жалпы жоқтаулардың әдісімен батырдың өміріндегі әр алуан іс, амал, қасиет, мінездерін санап көрсетеді. Бірақ мұнда да Махамбеттің өзіне тән кейбір ерекшеліктері бар.

Махамбет өлеңдерінде Исатайдың өмірін жалпы алмайды, оның өмірінің әлеуметтік-таптық жақтарын алып, батырдың езілуші халық, қара шаруа, еңбекшілердің мүддесін қорғап, феодал, ақсүйектерге қарсы шыққан, шын мәніндегі халық қамқоры болған жақтарын айрықша көрсетеді. Шернияз сықылды басқа жағына ақын тоқталмайды.

Махамбеттің жоқтау тобына жақын келеді деген өлеңдері оның басқа өлеңдеріне қарағанда фольклормен тығызырақ байланысты деуге болады. Өйткені эпитет, метафора теңеулерін алсақ, көбіне фольклордан алынған поэтик тілдер.

Ал Махамбеттің кейбір өлеңдері өзінше философиялық бағытқа негізделген өлеңдер болып келеді.

Қоғалы көлдер, құм сулар

Кімдерге қоныс болмаған?

Саздауға біткен құба тал

Кімдерге сайғақ болмаған?

Басына жібек байлаған

Арулар кімнен қалмаған?

Таңдап мінген тұлпарлар

Иесін қайда жауға салмаған?

Құландар ішпес бұршақ қақ,
Кімдерге шәрбат болмаған?
Садағына сары шіркей ұялап,
Жау іздеген ерлердің
Қайда басы қалмаған?
Ішелік те желік,
Мінелік те түселік,
Ойналық та күлелік,
Абайласаң, жігіттер,
Мынау жалған сұм дүние,
Кімдерден кейін қалмаған? -

деп, риторикалық сұрай арнау түрінде айта келіп, өмірге өзінше қорытынды жасайды. «Толғау» деген өлеңінде де осы тәрізді өмірді шолып келіп, өзінің одан түйгендерін баяндауға негізделеді. Бірінші шумағында ақын термелеп, тыңдаушыларының назарын ақыл кеңесіне аударады да, одан кейінгі шумақта ақындық шабыттың шарықтауы, ойдың серпінінен туған терең пікірлер айтылады, үшінші шумақта хан-төренің тағдыры халықпен байланысты, былайша айтқанда, оларды жоқ ету халықтың қолында, дәл халықтың зор күш екенін еске салады. Ең соңғы жолдарда ақын былай деп өзінше қорытынды жасайды:

Батыр болмақ ойдан-ды:

Айқайласып жауға ти,

Тәңірім білер, жігіттер,

Ажалымыз қайдан-ды?

Махамбеттің бақыт пен тағдырдың айнымалы екендігін философиялық түрмен қорытқанын мына өлеңінен де көруге болады:

Бұл дүниенің жүзінде,

Айдан көркем нәрсе жоқ.

Түнде бар да, күндіз жоқ.

Күннен көркем нәрсе жоқ,

Күндіз бар да, түнде жоқ.
Мұсылманшылық кімде жоқ,
Тіл де бар да, дінде жоқ.
Көшпелі дәулет кімде жоқ,
Бірде бар да, бірде жоқ.
Азамат ерлер кімде жоқ,
Еріккен күні қолда жоқ.
Заманым менің тар болды,
Тура әділдік биде жоқ.
Бәрін айт та, бірін айт,
Қаумалаған қарындас,
Қазақта бар да, менде жоқ.1

Бұл тәрізді эпифоралық ұйқас, синтаксистік параллелизмге құрып, образдарына философиялық мән беру, ақынды бұл дәуірде

Махамбеттің ерлігін тануда біз біржақты түсінікте едік, енді түсінігіміз толысып келеді, себебі, ақиқаттың екінші сипатына қатысты хан Жәңгірдің тарихи бейнесі, тұлғасы, заман шындығы ашыла бастады. Халықтың қилы-қилы тарихы осындай тұлғаларды өмірге әкелген. Біздің мақсатымыз тарихи болмысты бұзып - жұлмай тұтасымен қабылдау, бұл тек бізге ғана емес, бізден кейін өмір сүретін ұрпақтарға да үлгі.

Махамбеттің бүкіл өлеңдері ерлікке арналған. Ерліктің не екенін білгің келсе, Махамбет өлеңдерін оқы әрі жатта. Махамбет үнемі ат үстіндегі — ақын. Жайланып отырып өлең жазу оған бұйырмаған. Ол ерлікті поэзия тілімен насихаттаған, ерліктің түпкі мақсатын ашқан, ол мақсат — ел қамы. Етек-жеңі жиналмай, бытырап жатқан елді енді жинау мүмкін еместігін хан Жәңгір білген. Бұл мақсатты Махамбет өзінше шешкен.

Ол халықтың намысын ояту, жер болмау, құлшылыққа түспеу үшін көзсіз ерлікке барған. Өз күресінің нәтижеге жетпейтінін Махамбет те оның серігі Исатай да білген, бірақ ерлік табиғаты өз дегенін жасамай қоймайды.

Ертеңгі күнін таразыға салып, ойланып - толғанып отырған адамнан ерлік шықпайды. Махамбеттің ерлігі жанқиярлық ерлік.

Мұндай жандар өр ел тарихында өте санаулы болады. Сондайдың бірі — Ер Махамбет.

Ерлік те тыныштық сияқты құбылыс. Ерлікте де ғашықтық сияқты шын берілу, қажет

болса құрбандыққа іштей даярлық болады. Ер адам мерт болам демейді, себебі, оған қуат

беретін намыс. Бұл жөнінде мақал да тура айтылған: "Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді"

— деп. Ерлік деген тек бір сәттің көрінісі емес, ол адамның қалыпты жағдайы. Ерлікті Махамбетке қатысты айтсақ, ол оның төл қасиеті. Сол төл қасиеті, оның ақындығы арқылы айқын көрінген. Махамбеттің ақындығы оның Ерлігінің көрінісі. Махамбет тумысынан ер болмаса, оның ақындығы белгілі болар ма еді, болмас па еді, кім білсін?

Ерлік табиғаты тылсым. Нағыз ерлер ер атанам деп ерлік жасамайды. Ерлік адамның өз болмысынан шықпақ. Ерлік жасап атымды қалдырам дейтіндер де болады, бірақ олар туралы әңгіме бөлек. Ал, бүкіл болмысы, ғұмыры ерлікке толы жандар болады, міне, сондай адам — Ер Махамбет.

Ата – тарихымызда 1836-1837 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушылары ержүрек Исатай мен құс таңдай жырау Махамбеттің жөні бөлек.

Бұл орайда мұзбалақ текті Махамбеттің жорық сәтінде, ат үстінде, майдан сахнасында туған тас - түйін тамаша толғауларының күрескерлік рухы асқақ, ой-пікірлері орасан кесек, тілі мірдің оғындай, сексеуілдің шоғындай, семсердің жүзіндей. Замана бұр қаныс, уақыт сынынан мүдірмей, сүрінбей өткен сан сипатты, алуан қырлы, әсем өрілген гауһардай мөлдір, шәрбат шырынында таза, торт тақтасы түгел, құдіретті, мінезді, арынды толғаулары оның болмыс - бітімінен (әділдік, турашылдық, өжеттік қасиеттері), терең

дүниетанымынан, азаматтық тұлғасынан, философиялық көзқарасынан, елге, жерге деген құштарлығынан туындаған деуге болады.

Метафоралық - образдық мәні мейлінше зор екпінді, серпінді сөйлемдер, ұлт тілінің негізгі сөздік қорындағы түйдек-түйдек оралымдар, жан толқытарлық сөз - образдар, сөз - символдар, тау сілкін көркем теңеме — Махамбет жырларына тән.

Махамбет өлеңдері өзінің жанр жағынан да зерттеушілердің айрықша көңілін аударуға тиіс. Оның кейбір өлеңдерін лиро-эпикалық түрге жатқызуға болады. Ол өлеңдерінде ақын өмір құбылыстарын Исатай бастаған шаруалар көтерілісімен байланысты тарихи шындық, өз калпында суреттелсе, сонымен қатар оған өзінің көзқарасын, қатысын, ол жағдайды өзінің қалай сезінуін де көрсетеді.

Лирикалық сезінуге бөлене отырып оқиғаны баяндау лиро-эпикалық жырларға тән нәрсе екендігі кімге де болса мәлім.

Бұлай баяндау сарыны (мотив) Махамбеттің "Соғыс", "Мінкен ер", "Баймағамбет сұлтанға айтқаны", "Исатай сөзі" деген өлеңдерінде айқын сезіледі.

"Соғыс" деген өлеңінде Махамбет көтерілістің әрбір кезеңдерін тарихи оқиғаның ізіне сәйкес етіп суреттейді. Кейбір көріністері баяндау, суреттеулері тарихи фактылармен тығыз байланысты болып отырады. Бір қарағанда осы "Соғыс" пен өрістес біркелкі өлеңдерді тіпті тарихи жар өлеңдер тобына жатқызуға да болатын тәрізді. Бірақ бұл өз алдына жеке тексеруді керек ететін мәселе. Өйткені, ауыз әдебиетіндегі белгілі бір түр саналатын тарихи өлеңдер (лиро-эпикалық жыр емес, қысқа өлеңдер) бізде әлі зерттелген емес. Махамбеттің бұл тектес өлеңдерінің ауыз әдебиетіндегі қысқа тарихи өлеңдерімен байланысы барлығы айқын. Бірақ айырмасы қайсы деген сұрақ - әуелі ауыз әдебиетіндегі ескіден келе жатқан қысқа өлеңдердің өзін жеке мәселе етіп талдауды керек етеді. Сондықтан, оны басы ашық қалдырамыз.

Ал біздің бұл жерде айтпағымыз, ақынның тарихи уақиғаларды тамаша шындықпен бұлжытпай көрсете алуы. Осы жағынан алғанда оның өлеңдерінің тарихи шындықтың салмағы басымдығы және Махамбет өлеңдерінің тарихи мәні үлкен екендігі аңғарылады.

Қырғыз халқының (сонымен қатар қазақтың да) ертегілері мен аңыз, өлеңдерінің тарихи мәні туралы Шоқан Уәлиханов былай деп жазады: "Егер жұрттың айтуымен Геродот жинаған Гомердің көркем ертегілері мен аңыздарының аз да болса, тарихи мәні бар десек, егер де өзгеріліп,, мысал тәрізді болып кеткен аңыздардың негізінде оқиға шындыққа жататын болса, қырғыздың аталарының өмір тұрмысын, әдет - ғұрпын әр жағынан қамтып, белгілі бір жүйеде суреттеген, сол елдің өткен кездегі өмірінің сәулесі болған аңыздарын алып, ол халықтың осы күнгі мінез-құлықтарымен және олар жөніндегі тарихи сілтеулермен салыстырсақ, ол аңыздардың тарихи мәні болуы мүмкіндігіне күдіктенбеуіміз керек".

Шоқан Уәлихановтың эпостық ертегі-аңыздардың тарихи мәні бар деген бұл пікірін негізді десек, тарихи мәліметпен мидай араласып жатқан тарихи уақиғалардың нақтылы сәулесі болған Махамбет поэзиясының тарихи мәні зор, ол тарихи документ екендігіне шек келтіруге болмайтыны ашық, талассыз.

Біз жоғарыда Махамбеттің біркелкі өлеңдері лиро-эпикалық түрге жатады дедік. Бірақ бұл сөзден олардың ішінде лирика жоқ деген ұғым тұмауы керек. Лиро-эпикалық деген сөздің өзінде сол түсінік бар. Өзі мен Исатайдың алға қойған тілек - мақсаттарын өздерінің хан - сұлтандарға қарым - қатынастарын жай баяндау түрінде айта келіп, кей жерлерінде, не лирикалық шегініс ретінде, не ішкі күйінішін сыртқа шығару мақсатымен айтылған лирикалық шумақтарда аз кездеспейді. Екінші сөзбен айтқанда, Махамбеттің бірқатар өлеңдерінде эпостық баяндау сарыны жалынды лирикамен аралас келеді:

Кешегі Исатайдың барында,

Алақандай Нарынды

Басушы едік құлаштай!
Жәбір беріп, жапа етсең,
Былғанған басым ласқа-ай!
Мен бір шарға ұстаған
қара балта едім,
Шабуын таппай кетілдім.
Қайраса, тағы жетілдім...
Көрмес, келмес деп едім,
Өз еркіммен бетінді-ай!

Жалпы алғанда Махамбетке тән нәрсе лирика. Махамбет өлеңдерінің негізгі көпшілігі лирикалық өлеңдерге жатады. Сонымен қатар, Махамбет лирикасы өзіне шейінгі қазақ әдебиетіндегі болып келген лирикалық өлеңдерден анағұрлым айырмасы, өзіне тән ерекшелігі де бар. Махамбет өлеңдері өз басынан кешірген ауыр халдерді сезіне отырып, терең толғап суреттеумен қатар, ол өз кезіндегі тарихи уақиғалармен байланысты туған қалың бұқараның көңіл күйін де көрсете білді. Оның өлеңдерінде өзінің көңіл күйі мен ел күйі ұштасып жатты.. Сондықтан, оның лирикасын - әлеуметтік сарындағы, саяси үгіттік лирика деп атауға тура келеді. Қоғамның тапқа бөлінуінің негізінде таптық күрес туады да, сол таптық күрес саяси-таптық жырларды туғызады.

Бірақ бұл жаңа мотивтегі поэзия, көркем лирикаларға өзінен бұрынғы поэзияның әсері болуы да мүмкін. Әйтсе де олардың өзіне тән ерекшеліктерін де байқау қиын емес. Қоғамның тапқа бөлінуі және сол тапқа бөлінудің негізінде туған тап күресі қазақтың фольклорінде де айқын көрінеді. Соған қарағанда саяси лириканың бастамасы ауыз әдебиетінде жатыр деуге болады. Демек Махамбеттің саяси лирикалары ауыз әдебиетінде бір тамыры фольклор дәстүрімен байланысты. Жалпы саяси лириканың өзіне тән ерекшелігі - үгіт насихат істерді көпшілікке үндеу, белгілі бір топтың, не таптың алдында тұрған тілек, мүддесін көркем сөз арқылы көпшіліктің сана -

сезіміне жеткізу, үгіт арқылы оларға әсер ету болса, Махамбет поэзиясында бұл бағыт қатты сақталады.

Біз жоғарыда да Махамбеттің өмірімен байланысты ішкі Бөкей ордасының шаруашылық жағдайы әлеумет өмірінде тап тартысын күшейтті, сол қайшылықтармен байланысты шаруалар көтерілісі туды дедік. Ол көтеріліс өзінің қолбасы батырымен қатар, жалынды үгітшісін де туғызды. Бұл тәрізді тарихи жүкті мойнына артқан адамның бірі - Махамбет. Сондықтан да Махамбет поэзиясының басты қасиеттерінің бірі саяси үгіт болуы заңды. Бірақ саяси үгіт поэзиясын жасаушы тарихта жалғыз Махамбет емес, басқалар да болды.

Әйтсе де, солармен салыстырғанда да, Махамбеттің тағы өз ерекшелігі бар. Бізше, Махамбеттің негізгі ерекшелігі оның бір сырлы, сегіз қырлылығында. Махамбет өлеңдері тек жалаң құрғақ үгіт емес, оның өлеңдерінде жалынды, саяси өткірлік пен терең ой, нәзік сезім әрдайым ұштасып, біте қайнасып жатады. Махамбет өлеңдерінде бұл үшеуінің жігін ашып, бөліп алуға болмайды. Осы қасиеті Махамбетті көтеріліс туын көтерген әрі жалынды үгітшісі, әрі ардақты ақыны етті. Бұл мазмұн Махамбет өлеңдерінің құрылысы мен түріне де әсер етті. Түр - мазмұнның түрі болуы қажет деген шартқа Махамбет поэзиясы толық жауап бере алады. Оның: "Ереулі атқа ер салмай", "Мұңайма", "Айныман" деген өлеңдері , мазмұнына түрі сай, жалынды үндеу сөздер. Махамбеттің досын мақтап, дұшпанын даттап шығарған өлеңдерінің мазмұны күрес идеясын жыр ету болса, құрылысы шешендікке толы үгітке арналған отты сөздер болып келеді де, сөйлемдері қаратпалы, сұраулы сөйлемдер болып келеді, не жарлай арнау, не сұрай арнау, немесе риторикалық сұрау болып отырады. Мысал үшін "Мұңайма" деген өлеңін алайық:

Ханның ісі қатайды,

Азамат ерден мал тайды.

Қанды көбік киініп,

Бір аллаға сыйынып,

Ұрандап жауға тигенде,

Кім жеңері талай - ды,

Жолдастарым, мұңайма!...- дейді ақын.

Мұндағы "азамат, жолдастарым" деп, достарына қайрыла сөйлеу, сөйлемін риторикалық сұрау түрінде құру, өзінің айтайын деген пікіріне дәл, күреске үндеу тілегіне сай.

Махамбет өлеңдерінде бұл тәрізді үгіт өлеңдермен қатар, лириканың басқа да түрлері бар. Ақынның бірқатар өлеңдері үлгісінде құрылады.

Қазақ фольклорінде дүние салған адамның тіршіліктегі іс-әрекеттерін әр жағынан алып, толық баяндап жырлайтын жоқтаулар, естіртулер көп. Махамбет өлеңдерінің кейбіреулері фольклорда кездесетін жоқтау өлеңдердің қысқа түріне жақындайды. ("Тарланым", "Тайманның ұлы Исатай"). Исатайдың өліміне арналған "Тарланым" деген өлеңін алсақ, жалпы жоқтаулардың әдісімен, батырдың өміріндегі әралуан іс, амал, қасиет мінездерін санап көрсетеді. Бірақ, мұнда да Махамбеттің өзіне тән кейбір ерекшеліктері бар. Махамбет өлеңдерінде Исатайдың өмірін жалпы алмайды, оның өмірінің әлеуметтік-таптық жақтарын алып, батырдың езілуші халық, кара шаруа, еңбекшілердің мүддесін қорғап феодал, ақсүйектерге қарсы шыққан, шын мәніндегі халық қамқоры болған жақтарын айрықша көрсетеді. Шернияз сықылды басқа жағына ақын тоқталмайды.

Махамбеттің жоқтау тобына жақын келеді деген өлеңдері, оның басқа өлеңдеріне қарағанда фольклормен тығызырақ байланыста деуге болады. Өйткені эпитет, метафора теңеулерін алсақ, көбіне фольклордан алынған поэтикалық тілдер.

Ал Махамбеттің кейбір өлеңдері философиялық бағытқа негізделген өлеңдер болып келеді.

Қоғалы көлдер, құм сулар,

Кімдерге қоныс болмаған?

Саздауға біткен құба тал,

Кімдерге сайғақ болмаған?

Басына жібек байлаған,
Арулар кімнен қалмаған?
Таңдап мінген тұлпарлар,
Иесін қайда жауға салмаған?
Құландар ішпес бұршақ қак,
Кімдерге шербет болмаған?
Садағына сары шіркей ұялап,
Жау іздеген ерлердің,
Қайда басы қалмаған?
Ішелік те желік,
Мінелік те түселік,
Ойналық та күлелік,
Абайласаң, жігіттер,
Мынау жалған сұм дүние,

Кімдерден кейін қалмаған?-деп, риторикалық сұрай арнау түрінде айта келіп, өмірге өзінше қорытынды жасайды. "Толғау" деген өлеңінде де осы тәрізді өмірді шолып келіп, өзінің одан түйгендерін баяндауға негізделеді. Бірінші шумағында ақын термелеп, тыңдаушыларының назарын ақыл кеңесіне аударады да, онан кейінгі шумақта ақындық шабыттың шарықтауы, ойдың серпінінен туған терең пікірлер айтылады, үшінші шумақта, хан-төренің тағдыры халықпен байланысты, былайша айтқанда, оларды жоқ ету халықтың қолында деп, халықтың зор күш екенін еске салады. Ең соңғы жолдарда ақын былай деп өзінше қорытынды жасайды:

Батыр болмақ ойдан-ды:
Айқайласып жауға ти,
Тәңірім білер, жігіттер,
Ажалымыз қайдан-ды?

Махамбеттің бақыт пен тағдырдың айнымалы екендігін философиялық түрмен қорытқаным мына өлеңінен де көруге болады:

Бұл дүниенің жүзінде,

Айдан көркем нәрсе жоқ.
Түнде бар да, күндіз жоқ.
Күннен көркем нәрсе жоқ,
Күндіз бар да, түнде жоқ.
Мұсылманшылық кімде жоқ,
Тілде бар да, дінде жоқ.
Көшпелі дәулет кімде жоқ,
Бірде бар да, бірде жоқ.
Азамат ерлер кімде жоқ,
Еріккен күні қолда жоқ.
Заманым менің тар болды,
Тура әділдік биде жоқ,
Бәрін айт та, бірін айт.
Қаумалаған қарындас.
Қазақта бар да, менде жоқ.

Бұл тәрізді эпифоралық ұйқас, синтаксистік параллелизмге құрып, образдарына философиялық мән беру, ақынды бұл дәуірде дұрыстық, әділдік жоқ деген қорытындыға әкеп тірейді де, сондықтан ақын жалғыздық көріп, қасіретке шомады.

Мұнан кейін Махамбеттің кейбір өлеңдерін, әсіресе оның өмірінің соңғы кезіндегі шығармаларын - элегиялық өлең деуге болады. "Абайламай айрылдым", "Нарын " және басқа сол сияқты өлеңдер өткенді еске түсіруге арналған, жан қасіретін көрсететін, ақынның жалғыздық қайғысын, тарыққан көңілін білдіретін элегиялық мотивті өлеңдер, мұнда оның басында бір зұлым тағдырдың қара бұлты төніп тұрған сияқты.

Мен тауда ойнаған қарт марал,
Табаным тасқа тиер деп,
Сақсынып шыққан қиядан,
Қайыңның басын жел соқса,
Қаршыға қуыс қайғырар:

Балапаным суға кетер деп,
Мамығын төккен ұядан,
О дағы біздей болған сорлы екен, -
дейді ол.

Махамбеттің элегиялық өлеңдері аса суретті, тамаша көркем. Бұлар ақынның тек жалаң өз қайғыруының сәулесі емес, ол басқа түскен сол кездегі ауыр халдердің айнасы болды.⁸

Кейбір өлеңдерінде ақын туған елі бүгінгі Қазақстан жерінің табиғат байлығының әдемі көріністерін, ең даланың, асқар тау, шыңырау қиялардың айбатты пішінін суреттейді. Өлеңнің көп жерлерінде ақын көшпелі, мал баққан, ит жүгіртіп, құс салған аңшылық, өз елінің өмірінде орыны бар жан-жануар, аң, құстардың образын көрсетуге көбірек көңіл аударады. Бірақ, бұл ел, табиғат байлығын, жан-жануарлардың әлемін суреттегенде, олардың тек көркемдік сипатын ғана көрсету немесе тек сұлулық үшін ғана суреттелмейді. Мұнда да ақын ел тағдырымен байланысты, өз басынан кешірген қиын-қыстау кезеңдердегі ой сезімін оқушылары толық сезінгендей етіп ашығырақ көрсетуге құрал есебінде қолданады. Бұған мына төмендегі үзінді толық дәлел:

Назары қайтқан күн болған
Жібектен бауы көнеріп
Ақ сұңқар ұшқан күн болған.
Бағаналы боз орда
Еңкейіңкі күн болған.
Телегей-теңіз шалқыған
Қоғалы көлдер суалып,
Тізеге жетер-жетпес күн болған,
Жапанға біткен бәйтерек,

1. ⁸ Қазақ әдебиетін жаңа технологиямен оқытудың кейбір жолдары /методикалық жинақ/.

Жапырағынан айрылып.
Қу түбір болған күн болған.
Алқалаған жер болса,
Азамат басы құралса,
Мәшурат кеңес сұралса
Мәшурат берер едік;
Исатайдан айрылып
Алқалай келген кеңесте
Дем құрыған күн болған.

Бұл тәрізді элегиялық өлеңдердегі көркем образдардың қайсысын алсақ та, ақынның айтайын деген негізгі идеясына бағыныңқы. Исатай өлгеннен кейін, күрес арқылы жетеміз деген мақсат орындалмай, көтеріліс жеңілгесін, хан, сұлтан, феодалдар халықты бұрынғыдан бетер езіп, ел басына ауырмалықты күшейте түсті. Бұл жағдай ақынның поэзиясынан орын алмауы мүмкін емес еді. Ақынның бірқатар өлеңдеріндегі қайғының элементі жоғарғы халмен байланысты болды десек, Махамбеттегі элегиялық өлеңдердің негізгі сол жағдайлар деуге болады. Бірақ бұл сарындағы ақын өлеңдерінде, жауына деген өшпенділік бар, сөнбес кек бар, жолдас-жорасына дем беріп, өмірден түңілмеуге шақырып болашаққа сенушіліктер бар. Міне осылардың жиынтығы келіп, Махамбет өлеңдерін сары уайымнан аулақ етеді.

Мазмұнына түрі сай түрін отты жырларды суырып салып шығаруда да ақынның шеберлігі тым жоғары, оның мәдени-тарихи тамыры тереңде екенінде дау жоқ.

Махамбет шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып, шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. «Мұнар күн» жырында ел басына түскен ауыртпалықты ашына айтты. «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан туған ардақты ер» жырларында ақын алдағы күндеріне үмітпен, зор сеніммен қарады. «Біртіндеп садақ асынбай», «Арғымақтың баласы», «Қара

нар керек біздің бұл іске», «Еменнің түбі - сары бал», «Жалған дүние», «Еріскедей ер болса», т.б. шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі терең әрі шынайы суреттелген. «Халық қозғалса, хан тұрмайды тағында» дейді ол отты жырларында.

Ақын өлеңдерінің басты қаһарманы - Исатай Тайманұлы. «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», т.б. өлеңдерінде Исатай батырдың көркем тұлғасы, адамгершілік, қайсарлық, тапқырлық қасиеттері жан-жақты сипатталды.

Оның «Жәңгірге», «Баймағамбет сұлтанға» арналған өлеңдері патшаның жергілікті билеуші өкілдері - хан-сұлтандарға қарсы жазылған, олардың бет пердесін ашатын жырлар болды.

Ақын өлеңдерін дәстүрлі үлгіге негіздей отырып, түр, мазмұн, жағынан байыта, жетілдіре түсті. Лирикалық өлеңдері көбіне толғау, жыр, терме түрінде жазылды. Исатайға арналған өлеңдерінде жоқтау сарыны басым. Оның шығармалары қазақ поэзиясының сатира, элегия, монолог, арнау жанрларының қалыптасуына, стилінің дараланып, поэтикалық тіл құралдарының артуына, философиялық тереңдіктің орнығуына үлес қосты. Халық нақылына құрылған философиялық толғаулары мен жігерге толы ерлік жырлары, жауынгер рухты биік өлеңдері оның шығармашылығын жоғары деңгейге көтерді.⁹

Махамбет жырлары дәуір шындығын бейнелеп, көтеріліс айнасы болып қана қойған жоқ, асқақ рух пен болашаққа деген сенімнің ерекше үлгісін көрсетті. Ақын жырлары орыс, араб, парсы сөздерінің көп кездесіп, шағатай тілінде жазылуымен ерекшеленеді. Ол жыраулық поэзия дәстүрін шебер дамыта отырып, қазақ өлеңінің табиғатын жаңартты.

⁹ Жұматаева Е. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. А., 2010.

II.2. Сабақ үлгілері.

Сабақтың тақырыбы: Махамбет өлеңдерінің мәні

- Сабақ мақсаты:
- Білімдік: *Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат беру.*
- Тәрбиелік: Адамгершілікке, адалдыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.
- Дамытушылық: Құқықтық сауаттылығын арттыру, еркін пікірлей білуге, өз ойын нақты жеткізе білуге үйрету. Поэзияға қызығушылығын арттыру.

Сабақ түрі: Сот сабақ

Сабақ жоспары:

1. Кіріспе сөз.
2. Сот-сабақ.
3. Ақын өлеңдерінің мәні.
4. Ақын бейнесін танытатын шығармалар
5. Қорытынды.

1836 – 1838 аралығында Ішкі Бөкей Ордасында шаруалар көтерілісі болды.

Бұл көтерілісті ұйымдастырушылар:



Исатай Тайманұлы

1791 жылы өмірге келген. Ел ісіне ерте араласқан. Бөкей хан тұсында, 1812 жылдан бастап Жайықтағы Беріш руына старшын болған. Жәңгір хан тұсында ханның әділетсіз істеріне қарсы шығып шаруалар көтерілісін ұйымдастырған. 1838 жылы Гекке бастаған орыс армиясымен соғыста Ақбұлақ өзені бойында қаза тапқан.

Махамбет Өтемісұлы



1804 жылы Ішкі Бөкей Ордасында дүниеге келген. Жастайынан хан сарайында болып, түрлі әділетсіздіктерді көріп өскен. Жас кезінде Жәңгір ханның баласы Зұлқарнайынмен бірге Орынбор қаласында білім алған. Шаруалар көтерілісінің ұйымдастырушысы Исатайды өзіне дос деп білген. 1846 жылы дұшпандарының қолынан қапыда қаза болған.

Махамбеттің күйлері

“Жорық”

“Жекпе – жек ”

“Нарын”

“Ақ желең”

“Жұмыр қылыш”

“Ақтабан”

“Жайық асу”

Жәңгір хан

1801-1845



«Әй, қос тентек, бірің- ағам, бірің – інім, бірің – батыр, бірің – ер, кімге қарсы қол жинағаныңды білмей өттің –ау! Ақыры балақтағы өкпеге аспандағы мені саттың. Кінә қай- қайсымызда да жетерлік .Кеш! »

Ақын тұлғасын танытатын шығармалар

“Түртіп алу” сатысы

Әнуар Әлімжанов “Махамбеттің жебесі” романы

Берхайыр Аманшин “Махамбеттің тағдыры” романы

Ілияс Жансүгіров “Исатай - Махамбет” трагедиясы

Мұхтар Шаханов “Нарынқұм зауалы” дастаны

Берхайыр Аманшин «Жыр семсер»зерттеулер жинағы

«Ой-толғаныс» сатысы

Еңсегей бойлы ер Есім	Марғасқа
Тарланым	
Жігіт туралы	Шал ақын
Соғыс	
Әй,Махамбет, жолдасым	
Қаратаудың басынан	Көтеш жырау
Қызғыш құс	
Бағаналы терек	
Мұңайма	

Үйге тапсырма

“Дауылды жылдар жыршысы” тақырыбында шығарма жазу

Сабақтың тақырыбы: «Қызғыш құс» өлеңін оқыту.(V-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – ақын өмірі, шығармашылығы туралы толық түсінік беру, өлеңнің туу себебін түсіндіру;

Дамытушылық - Махамбет Өтемісұлы шығармаларының әдебиеттен алатын орнын ұғындыру;

Тәрбиелік – патриотизмге баулу, батылдықты,ерлікті бағалай білуге үйрету.

Сабақтың түрі: жаңа материалды меңгеру сабағы.

Сабақтың көрнекілігі: Махамбет Өтемісұлы суреті, ұнтаспа, плакат, үлестірмелі тарқатпа.

Пәнаралық байланыс: тарих,география

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру

II. Үй тапсырмасын сұрау

Махамбет Өтемісұлы қандай ақын? Оның өмір жолынан не білеміз? Қандай шығармаларымен таныссыз? «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңі не туралы, не түсіндік? Халқын, азаттығын, еркіндігін қорғайтын ерлер қандай болу керек екен? Қандай түсініксіз сөздер кездесті? Ереуіл, найза, тебінгі, терлік, малта деген сөздердің мағынасын қалай түсіндіңдер? «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін кім мәнерлеп жатқа айта алады?

III. Жаңа сабақ

Мұғалім бүгінгі сабақтың мақсатын түсіндіреді.


1. Өздеріңіз бұдан бұрын Махамбеттің қандай өлеңін оқып, жаттадыңыздар?

Оқушылар жауабы: «Ереуіл атқа ер салмай», Махамбеттің Жәңгір ханға айтқаны».

2. «Қызғыш құс».

Үлестірмелі тарату, өлеңді мәнерлеп оқып беру. 1-2 оқушаға мәтінді оқыту. Мәтіннен кездескен түсініксіз, қиын сөздерге талдау жасау.

3. Тақтаға кесте сызылады. «Кім?»



4. Сыныпты үшке бөлу. Үш топтан белсенді оқушылар «Күлтөбе» басында кеңес құрады.

Тақырыбы: «Менің атым - Махамбет».

I. Махамбеттен (өлеңін жатқа айтады)

II. Махамбетше (өз туындысын оқиды)

III. Махамбеттей (Ұлылар айтқан сөздерден мысал келтіру).

«Менің атым - Махамбет» өлеңінде ақын өзі туралы:

«Өтемістен туған он едік,

Онымыз атқа мінгенде

Жер қайысқан қол едік» деп, ағасы Бекмағамбеттен басқасы түгелдей кара халық жағында болғанын айтады.

Ақын «Қызғыш құс» өлеңін Исатай өлген соң жазды. Көлінен айрылған құспен өзін салыстыра отырып, екеуінің басындағы жайға кінәліні іздейді. Ақынның артықшылығы сол - сарыуайымға салынбай алдағы күнге сенеді. Оптимизм басым.

«Исатай – басшы, Мен -қосшы» деп досының мәртебесін асырып отырған ақынның үлкен жүрегін, адамгершілігін айтпауға болмайды.

IV. Сабақты түсінгендерін тексеру

Өлеңнен не ұқтық? (Таратылған үлестірмелер арқылы жауап алу).

«Батыр болатын баланың

Жүрегін жалын керіп тоқтатпайды,

Мерген болатын бала

Мылтығын ешкімге оқтатпайды.

Жақсы болатын бала

Ата-анасын қақсатпайды» деген ой-түйінмен аяқтаймын.

V. Бекіту, бағалау

Өлеңнен үзінді келтіру

Бағалау.

VI. Үйге тапсырма

«Қызғыш құс» (мәнерлеп жаттау)

Сызба кестені дәлелдеу үшін шығарма жазу.

Сабақтың тақырыбы: Намыстан от алған Азамат Ақын (Махамбет Өтемісұлы)

Сабақтың мақсаттары:

- 1) Махамбет өлеңдерін оқып - түсіну; авторлық бейнені ашу; өлеңдерінің тіліне талдау.
- 2) Сын тұрғысынан ойлау мен жазуды дамыту; зерттеушілікке, ізденімпаздыққа баулу; өзіндік қорытынды жасай білуге үйрету.
- 3) Атамекенін, жерін – суын қорғауға тәрбиелеу; бабалардың ерлік рухын сезіндіру арқылы азаматтық тәрбие беру.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақты түсіндіру

Сабақтың көрнекіліктері: Интерактивті тақтадан слайд-шоу: Махамбет Өтемісұлының портреті, антрополог Н.Шаяхметов жасаған Махамбет бейнесі, Махамбеттің шығу тегі туралы сызба, «Кейіпкер портреті» сызбасы, Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», Ә.Сарайдың «Исатай-Махамбет» романдары, Т.Әлімқұловтың «Қараой» шығармасы, Махамбеттің туғанына 200 жыл толуына арналған газет материалдары.

Пәнаралық байланыс: тарих, философия.

Сабақтың барысы:

I.1.Ой шақыру.

а) «Батыр», «ақын» сөздерін естігенде кімнің ойына не келеді, кімде қандай түсінік бар?

ә) Сабақтың мақсаты мен жоспарын хабарлау. Сабақ жоспары:

1. Ой шақыру.
2. Тарихыңды таны.
3. Мағынаны тани білу.
4. Кубизм.
5. Ой толғаныс.
6. Философиялық стол.
7. Өзі үшін жазу стратегиясы.

2. Тарихыңды тани біл. «Махамбеттің Баймағанбет сұлтанға айтқаны» өлеңінің он екінші бөлімін дауыстап оқу, Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілістің шығу себептері мен мақсаты туралы айту.

II.1. Мағынаны таны.Интерактивті тақтадан слайд-шоу жүргізіледі, аудиотыңдалым: «Еңселігім екі елі» (Махамбет) тыңдату. Осыдан кейін оқушылар «Махамбеттің Баймағанбет сұлтанға айтқаны» топтамасының VIII, IX, XI, XII бөлімдерінен үзінділерді кезек-кезек мәнерлеп оқып шығу.

2. Кубизм. Оқушыларды топқа бөліп, әр топқа әр түрлі тапсырмалар беріледі.

1) Зерттеңіз: Махамбет бейнесі көркем әдебиетте. Махамбет туралы жазылған шығармалар, олардың идеялары, авторлар туралы қысқаша түсінік беру керек.

2) Суреттеңіз. Өлеңдеріндегі Махамбеттің бейнесін суреттеп, сызбаны толтыру: өлеңдерінен өзінің бейнесін айқындайтын жолдарын теріп жазу керек.

Кейіпкердің портреті

Түр-тұлғасы, мінезі, іс-әрекеті, дауысы

3) Талдаңыз. Өлеңдерінің тіліне талдау.

4) Қолданыңыз. Өлеңдегі сипаттауларды пайдалана отырып, Махамбеттің суретін салу.

5) Бағалаңыз. Алдыңғы тапсырмалар бойынша оқушылардың жұмыстарына пікір айту, баға беру.

3. 1.Ой толғаныс. «Бүгінгі ұрпақтың үні...»

2. Философиялық стол.

А) Батырлық, ерлік іс жасау үшін батыр болып туа ма?

Ә) Өмір тепе-теңдіктен тұра ма? Ізгілік-жауыздық, адалдық-қараулық, жақсылық-жамандықтар бірдей ме, күштері тең бе? Тең болса, Махамбет - ізгілікті Бқылас - жауыздықты неге жеңді?

3. Сабақты жоспар бойынша қорытындылау.

Үйге: Өзің үшін жазу стратегиясы «Мен кескекті ердің сойы едім...» деген тақырыпта шығарма жазып келу.

Оқушыларды бағалау.

Тақырыбы: Махамбет Өтемісұлы

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Махамбет өлеңдері отаршылдыққа қарсы көтерілістің айнасы екендігін оқушы санасына жеткізу, өлеңдерінің мазмұны мен маңызын ашу, Махамбет – дауылпаз ақын, күйші екенің түсіндіру.

Дамытушылық: Махамбет шығармашылығының тарихи негіздері туралы оқытушылардың білімдерін арттыру, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру.

Тәрбиелік: Өз туған жерін Отанын сүйуге тәрбиелеу, патриоттық тәрбие беру 18 ғасырдың 2 жартысы мен 19 ғасырдың 1 жартысында Қазақстанда отарлау саясаты жүрді. 19 ғасыр қазақ елі түгелдей Ресей отарына айналды. Алайда, қазақ халқы, оның ел үшін еңіреп туған ерлері отарлық қысымдарға оңайлықпен бас ие берген жоқ.

Сабақтың көрнекілігі: Махамбет суреті, тест, тірексызбалар, күй.

Сабақтың типі: Жаңа сабақ

Сабақтың әдісі: Мәнерлеп оқу.

Пән аралық байланыс: Тарих, музыка.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу, жаңа сабаққа назарларын аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру: Тест алу, жаттау сұрау. Жауап кілті тақтаға ілініп тексеріледі, оқушылар бірін – бірі бағалайды, жұптық жұмыс.

Тест

1. 1818-1881 жылдарда өмір сүрген, патшалық Ресейдің ел билеу жүйесін қатты сынаған реалист ақынды ата.

А) Дулат Бабатайұлы в) Шортанбай Қанайұлы с) Жиенбет жырау.

2. «Жаңа нұсқа» заңы қай жылы шықты?

А) 1865 в) 1868 с) 1860

3. Әуелі қорлар зор болды, Сондағы зорлар қор болды – қай өлеңнен алған үзінді?

А) «Бір насихат айтайын» В) «Жарлының жаны берік – ті» С) «Қалықтаған сұңқар елі»

4. Заманда «Зар заман» деп атаған кім?

А) Дулат в) Жиёмбет с) Шортанбай

5. Қазақ даласының Ресейге бағынуы қанша жылға созылды?

А) 120ж а) 130 ж с) 110ж

6. Қай жылы Ресейдің қазақ даласын билеу жөніндегі жаңа заңы шықты?

А) 1822 в) 1820 с) 1819

7. XVII ғасырдың аяғында отаршылдыққа қарсы шыққан күрескер кім?

А) Сырым Датұлы в) Махамбет с) Кенесары

8. «Кенесары - Наурызбай» атты тарихи дастанның авторы ?

А) Нысанбай жырау в) Шернияз с) Шөже

9. XIX ғасырдың 30 – 40 жылдарында отаршылдыққа қарсы шыққан шаруалар көтерілісін бастаған кімдер?

А) Кенесары в) Махамбет – Исатай с) Сырым

10. Қазақ поэзиясында күресшілдік бағытты нығайтқан дауылпаз ақынды ата?

А) Шөже в) Шортанбай с) Махамбет

Жаңа сабақ: Сабақ жоспары: 1. Тест жұмысы.

2. Жаңа сабақ.

3. Махамбет – батыр.

4. Махамбет – дауылпаз ақын.

5. Махамбет – күйші.

6. Шығармашылық жұмыс.

7. Поэзия минуты.

8. Қорытынды.

9. Үйге тапсырма.

10. Бағалау.

Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын айтып, тақтадағы плакатқа түсірілген тірек кесте бойынша Махамбеттің ерлікке, елдікке шақыратын және Исатайға арналған өлеңдеріне тоқталамын.

Махамбет Өтемісұлының өлеңдері.

Ерлікке, елдікке шақыратын	Исатайға арналған
«Мұнар күн»	«И. деген ағам бар»
«Ұлы арман»	«Арғымаққа оқ тиді»
«Біртіндеп садақ асынбай»	«Тарланым», «Соғыс»
«Ереуіл атқа ер салмай»	«Мінген ер», «Мінгені И-дың Ақтабан-ай»
«Жалғыз дүние»	«Исатай сөзі»
«О, Нарын!»	«Арыстан одан кім өткен?»

Өлеңдерінің тақырыбы: Ел, Халық жайы, Замана, Адам, Ерлік.

Түр жаңалықтары: Шұбыртпалы ұйқас, Аралас ұйқас, Кезекті ұйқас.

Махамбет өлеңдерінде қолданылатын сөздер : Жер – су атаулары, Туыстық атаулары, Қару – жарақ атаулары, Қоғамдық – әкімшілік мәнге ие атаулар, Кірме сөздер, Ерекше сөздер, Сөз тіркестері

Шаруалар көтерілісі шығу себептері мыналар: Отаршыл патша өкіметі кедейлердің жерін күшпен тартып алып, сұлтан – билерге таратып берді.

Оның үстіне шаруаларға алым – салықты да көбейтті. Ел еркінен айрылып, күйзелген үстіне күйзеле берді. Халық ереуіл атқа ер салды. Ол көтерілісті Исатай мен Махамбет басқарды. Махамбет поэзиясы ереуілге шыққан халықтың құдіретті үні болды. Исатай мен Махамбеттің ойлағаны өздерінің қара басының қамы емес, «қара қазан, сары бала қамы» үшін қылыш сермеді. Олар ел үшін «әділ жаннан түңіліп», қанды жорыққа атанды

1. Оқулықпен «Ереуіл атқа ер салмай» өліңін мәнерлеп оқып, идеясын ашайық
2. Өлең құрылысына қарай талдау.

Сөздікпен жұмыс:

Тебінгі – ер тұрман құрамына қатысты әбзелдердің бірі.

Терлігі – Тоқымның астына салатын, қойдың жабағы жүнінен тер сіңіру үшін жасалатын киіздің бір түрі.

Қу толағай – түгі жоқ, жап – жалаңаш.

3. Көркемдік ерекшелігін тап.

Міне балалар!

Махамбет – дауылпаз ақын!

Махамбет – күйші

1. Жайық асу

2. Жауға шапқан

4. Поэзия минуты

Махамбет шығармаларын жатқа оқу

5. Орнын тап.

Махамбет өмір сүрген жылдардағы жағдай?

Бекіту: 1) Махамбет кім?

а) батыр ә) Дауылпаз ақын б) күйші в) аруақты ер

2. Махамбет туралы жазылған шығармалардан үзінді оқу.

Үйге: «Ереуіл атқа ер салмай» жаттау

Ой толғай «Махамбет рухымен сырласу»

ашық сабақ Махамбет Өтемісұлы 9 сынып Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша Тақырыбы: Махамбет Өтемісұлы «Ереуіл атқа ер салмай», «Мұнар күн»

Мақсаты: 1. Бүгінгі өскелең ұрпаққа ақынның кім екендігін, оның өлеңдерінің тақырыбын, тарихын аша отырып, ақынды тағыда жаңа қырынан таныту, өлеңдеріне талдау жасату.

2. Оқулық пен қосымша деректерді пайдалануға, өз ойларын еркін айтуға, өз пікірлерін қорғап, ақын поэзиясын насихаттап, әдеби тілмен сөйлеуге дағдыландыру.

3. Ұлтжандылыққа, батылдыққа, бірлікке, туған жерін, елін сүйуге

тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ

Әдісі: СТО стратегиялары

Көрнекілігі: Ақынның портреті, тақырыпқа арналған слайдтар.

Пәнаралық байланыс: Тарих, қазақ тілі, музыка

Барысы:

1. Ұйымдастыру

-Сілеметсіздер ме балалар. Отырыңыздар.

-Оқушылар назарын сабаққа аудару.

2. Үй жұмысын тексеру

Мұғалім: балалар қазір сендер бір – біріңе «Мен саған, сен маған» ойыны арқылы сұрақтар дайындай қойыңдар.

3. Қызығишылықты ояту.

Ой шақыру стратегиясы.

Мұғалім:

-Қазақ халқының бас бостанығы үшін күрескен кімдерді білесіңдер?

Ол ақынның «Тарланым» деген өлеңі бар. Ол осы өлеңін Исатайға арнаған.

Оқушылар:.....

Мұғалім: Ия, балалар! Туып өскен жерін, қарыс қадам жері үшін басын бәйгеге тіккен М.Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығына және оның «Ереуіл атқа ер салмай», «Мұнар күн» өлеңдеріне тоқталамыз.

4. Мағынаны тану.

ЖИГСО стратегиясы. (10 минут)

Оқушыларды үй тобына бөлу, содан соң жұмыс тобына жіберіп өмірі мен шығармашылын оқуға беру, әр оқушы өз бөлігін оқиды. Алдын ала мәтін төрт бөлікке бөлінген.

Үй тобы Жұмыс тобы

Тексеруге арналған сұрақтар.

№1

1. Махамбет қай жылы, қай жерде дүниеге келген?

2.Махамбет пен Жәңгірхан туралы не айтасың?

№2

1.1828-1831ж. Не болды?

2.Хан жасағын кім бастаған?

3.Исатай жасағы кімнің ауылын шауып алып, кімнің ауылын ойрандайды?

4.Исатай қашан қайтыс болады?

№3

1.1840ж. Махамбетті кімдер ұстап алғысы келеді?

2.1841ж Махамбетті тез ұстауға кім бұйрық шығарады?

3.1941ж не болды?

4.Кіші жүздің сұлтаны Арыслан Жанториннің бақылауына неге жіберді?

№4

1. Генерал – губернатор не деп жар салды?

2. Махамбетті кім өлтірді?

3. Қай жылы, неше жасында қайтыс болды?

(Слайд Махамбет Өтемісұлы)

2.Мұғалім:Ақын өлеңдері бойыңа жігер, рух, күш, жалынды қайрат береді, алға қойған мақсат үшін күресе білуге шақырады.

(Слайд Махамбет кім болған?)

Оның көптеген күйлері бар.(слайд көрсету)

Мұғалім: Балар қазір сендер Махамбет Өтемісұлының күйін тыңдай отырып мынадай тапсырмалар орындайсыңдар. (слайдтан көрсету)

1- топқа тапсырма.

1) «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін мәнерлеп оқып,идеясын айт.

2) Өлеңнен сөз тіркестері мен көркемдегіш құралдарды тап.

Жауабы. 1.Мәнерлеп оқиды. Бұл өлеңде ақын тек халқына рух беріп,намысын қайрап, күреске шақырады.

2. Сөз тіркестері:ереуіл ат,егеулі найза,алты малта ас,тебінгі жер,түн қатып

2- топқа тапсырма.

1) «Мұнар күн» өлеңін мәнерлеп оқы.Өлеңде ақын не туралы айтқан?

2) Ақын өлеңдерінде жиі кездесетін сөздерді тап.

Жауабы. 1. Мәнерлеп оқиды. Ақынның Исатай өліміне арнаған мұң мен өкінішке толы элегиясы

2. Жиі кездесетін сөздер: мырза, ер, оқ, қылыш, дұшпан т.б

Мұғалім: Әр топтан бір оқушыдан шығып өз тапсырмаларын тақтада орыдайды.

Ә) Тіл дамыту үшін.

Мұғалім: М.Өтемісұлы елін, жерін қорғаған, батыр болған екен. Қазір біз сіздермен сергіту мақсатында батырлық, туған жер туралы мақал – мәтелдер жазылған семантикалық картамен жұмыс істейміз. Ішінен ұнаған біреуінің мағынасын ашып беру.

(Күй жіберіп қою)

Ол үшін арнайы дайындалған семан-тикалық карталарды әр-топқа бір-бірден үлестіріп беремін де, берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тапқызамын.

Мақалдар Көлінен безген қаз оңбас. Ер үйірін сағынса, айыл-тұрман тағынар. Өз жеріндей қайда бар. Сайының тасы болайын.

Пәлен жерде пайда бар, +

Өз елімнің басы болмасам да, +

Елінен безген ер оңбас, +

Ат үйірін сағынса, Артқы аяғын қағынар. +

Семантикалық карта №1

Семантикалық карта №2

Мақалдар Би басына дау келсе, билігі кетер басынан. Құс жаңылып торға түсер. Ер жарасыз болмас. Шешен тар жерде сөз бастайды.

Ел шарасыз болмас, +

Батыр мың қол бастайды, +

Ер басына дау келсе, ерлігі кетер басынан. +

Ер жаңылып қолға түсер, +

Мұғалім: Балалар Махамбет: «Өтемістен туған он едік

Онымыз атқа қонғанда,

Жер қайысқан қол едік» - деп жырлаған екін.

Қазір слайдқа көңіл аударып Өтемістің он ағайынының есімдерін көрулеріңе болады. (слайд көрсету)

Өтемістен туған он:

Бекмағанбет, Махамбет, Тоқтамыс, Қожахмет, Ыбырайым, Әйіп, Хасен, Ысмайыл, Сүлеймен, Досмайыл.

5. Ой толғаныс

РАФТ стратегиясы

Роль – Махамбет

Автор – оқушылар

Факт – жолдау

Тақырып – Еліміздің өркендеуіне Махамбет сияқты қандай үлес қосар едің «Желтоқсан желі» өлеңін тыңдату.

Мұғалім: Тарих беттерін парақтасақ сонау дүбірлі батырлар заманынан бері ел мен жер үшін қаншама тер төгілді, қаншама адам құрбан болды.

Бостандық деп аталатын асқақ арман жолында қаншама қан төгілді, қаншама батырлар мерт болды. Бұл арпалыс бір жыл, бір мезет емес талай ғасырларға созылған. Балалар алдымызда келе жатқан Тәуелсіздігіздің 20 жылдығы мен барлықтарыңызды құттықтаймын. Осы Тәуелсіздікке жету үшін қаншама қиындықтардан өттік. 20 жыл бұрын желтоқсан оқиғасына арналған өлеңге назар аударыңыздар. Осы жастар сияқты сендерде елімізге қандай үлес қосар едіңдер. Енді сендер қазір бірге отырып шағын жолдау жаза қойыңдар.

6. Автор орындығы стратегиясы

Мұғалім: Топтарыңнан ең ұнағанын таңдап алып, тақтаға шығып оқи қойыңдар.

Мұғалім: Фариза Оңғарсынованың өлең жолымен сабағымды аяқтағым келеді.

Махамбет

Махамбет...

Білмеймін жел ме, сел ме

Жырда онымен бір тұлға теңесер ме?

Әділетсіз дүниенің қабырғасын

Махамбетше сөгер жан кездесер ме?

7.Бағалау: Оқушыларды бағалау

8.Үйге тапсырма: әр топ өздеріне берілген өлеңдерін жаттау.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Елбасымыз И.А. Каримов Өзбекстан Республикасының топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - әр бір азаматтың парызы деп айтқанындай мемлекеттік тілді дамытуда, қоғамдық ортада, әлеуметтік қоладну аясын кеңейтуде біраз шаралар жүзеге асырылды. Ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайту - бүгінгі басты міндет.

Әдебиетті тереңдетіп оқытуда оқушылардың икем - дағдысын қалыптастыру, яғни талдауға машықтандыру, өзіндік пікір айтуға, әдеби таласқа баулу, ауызекі, шебер де шешен сөйлеуге, бедерлі, айшықты, сұлу жазба тілінің дамуына, оқушылардың өз шығармашылығына баса көңіл бөлу керек. Тәуелсіз еліміздің алдындағы ең басты мақсат – болашақта экономикасы мықты дамыған елге айналумен қатар, мәдениеті, ғылымы, әдебиеті, көркемөнері, тілі жоғары дәрежедегі өркениетті елдер қатарына қосылу екені түсінікті. Әдебиетті оқытудың мазмұны мен әдіс – тәсілдерін анықтауды теориялық жағымен бірге практикалық та маңызы бар.

Қазіргі ғылым мен мәдениеттің өркендеген кезінде, әсіресе, ғылымының дамуы барысында оқушыларды көркем әдебиетті оқумен бірге өзінің ойын жеткізе білуге, оқыған әдебиеттері мен еңбектерін түсіне білуге, тілдік құралдарды дұрыс тани біліп, қолдана алуға баулудың маңызы айрықша екендігі белгілі.

Сондықтан оқушыларды шығарманың құрылысын біліп қана қоймай, оның тарихын тани алуға, әдеби тілдің ерекшелігін практикалық жұмыстарына қолдана алуға үйрету қажеттігі келіп туады. Білім туралы заңмен кадрлар дайындаудың ұлттық бағдарламасы қоғам, мемлекет және жанұя алдында өз жауапкершілігін сезінетін, жан-жақты дамыған жеке адамды тәрбиелеуді негізгі мақсат етіп қойды.

Қорыта айтқанда әдебиет мұғалім терең білім берумен бірге педагогикалық және әдістемелік шеберлікті жетік меңгеріп, көркем туындыны шығармашылық шабытпен оқыта білуі керек.

Сондықтан да әдебиет пәні оқытушысы әдебиет пәнінің оқушы жүрегіне жол тауып, оның зердесіне замана келбетін, өмірдің тылсым тіршілігін, тынысын жеткізетін, халқымыздың көркем тарихы тәжірибесін реттейтін өмір оқулығы екенін жете түсіндіргендері жөн.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.

Негізгі әдебиеттер:

1. И.А. Каримов « Биздан озод ва обод Ватан қолсин» 2 том, Узбекистон нашриети. 1996 й.
2. И.А.Каримов. Жоғарғы руханият- жеңелмес күш. Ташкент. 2008 жыл.
3. Өзбекстан Республикасының «Тәлім туралы заңы».Ташкент.1997 ж.
4. Кадрлер дайындаудың ұлттық бағдарламасы.
5. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту куралы ретінде. Алматы, 2002.
6. Педагогика назарияси ва тарихининг айрим долзарб муаммолари. «Фан» 2006 йил.
7. Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды
i. оқу – тәрбие үрдісіне енгізу. Алматы, 2002.
8. Жаңа педагогикалық технологиялар. Алматы,2005 жыл.
9. Педагогика. Х. Ибрагимов. Ш. Абдуллаева.Ташкент.2007 ж
- 10.Толибов.Т.Педагогик технологияларнинг
татбиқий асослари.Ташкент.2006 ж
- 11.Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне
арналған бағдарлама. 5-11 сыныптар. А., 1999.
12. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. А., 1985.
13. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. А., 1969.
14. Ақшолақова Т. Көркем шығармаға талдау жасау. А., 1969.
15. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., 1997.
16. Жұмажанова Т. Қ. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстарды
ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. А., 1995.
17. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. А., 2003.
- 18.Ә.Қоңыратбаев. Халық ауыз әдебиеті. 2002 жыл.Алматы.

19. Ы. Алтынсарин. Қазақ хрестоматиясы. 2006 жыл. Алматы.
20. Т. Қ. Жұмажанова. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А. 2009 ж.
21. Қ. Тасболатұлы. Қазақ әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі. Тараз. 2002.
22. Әдебиет оқыту әдістемесі. 7-сынып. А. 2007
23. Әдебиет оқыту әдістемесі. 5-сынып. А. 2007
24. Қ. Ж. Бұзаубақова. Оқытудың инновациялық педагогикалық технологиясы бастауыш сынып оқушысын дамыту құралы ретінде. А. 2006.
25. Алпыспаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары. – Алматы, 1995.
26. Қоңыратбаев Ә. 4-7 сыныптарда әдебиетті оқыту методикасы. Алматы. 2001
27. Мемлекеттік білім стандарты. Алматы, 2000.
28. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдасы. Алматы, 2000.
29. Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті. Алматы, 1979.
30. Дайырова Ә. Орта мектепте І. Жансүгіров творчествосын оқыту. Алматы, 1969.
31. Қалиев С. Мектепте Ғ. Мүсірепов шығармаларын оқыту жолдары. Алматы, 1974.
32. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 1981.
33. Мақпыров С. Әдебиеттен шығарма жұмыстары. Алматы, 1981.
34. Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. Алматы, 1999.

Қосымша әдебиеттер:

1. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. А., 1981.
2. Мақпыров С. Әдебиеттен шығарма жұмыстары. А., 1981.
3. Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. А., 1999.
4. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. А., 1998.
5. Жұматаева Е. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. А., 1999.

6. Қазақ әдебиетін жаңа технологиямен оқытудың кейбір жолдары
/методикалық жинақ/.
7. Құсайынов А., Оқулықтану мәселелері. А., 2000.